В статье изучается проблема категории человека и человеческого бытия в творчестве великого казахского поэта и мыслителя Абая. Автор стремится проанализировать широчайшие размышления о полноценной личности человека в словах назидания Абая. Особое внимание уделено определению взаимосвязи философских мыслей Плотина, Аристотеля, Аль-Фараби о человеческом бытии с мировоззрением Абая. Актуальность темы статьи обусловлена также изучением категории «полноценной личности» в трудах Абая с теорией Аль-Фараби о «зрелом человеке», где внимание акцентируется на учении Абая о «культе сердца». Опираясь на исследования ученых о философии морали и гуманизма Абая, автор раскрывает тему истинности учения Абая. В статье рассматривается всестороннее изучение концепции «полноценной личности» в трудах великого поэта Абая.

Ключевые слова: Абай, слова назидания, Аллах, Вера, полноценный человек, нравственность.

(Т.И.Кошенова, Ж.Р.Есенқараева. Отражение нравственного учения в произведениях Абая)

Қ. Турдыбаев

ф.ғ.к., Бердақ атындағы Қарақалпақ мемлекеттік университеті, Нүкіс,
Қарақалпақстан (awada@mail.ru) ORCID: 0000-0003-0099-1353

**Қарақалпақ поэзиясы және И. Юсупов шығармашылығындағы
арнаудың көркемдік сипаты**

Аңдатпа

Мақалада қарақалпақ әдебиетінің өкілі И. Юсуповтың поэзиясы және ақын шығармаларындағы арнау өлеңдердің жанрлық ерекшелігі арнайы сөз болады. И. Юсупов поэзиясында орын алған көркемдік тәсілдер поэзиядағы көркемдік түрді жаңалады. Ақынның әдебиеттегі арнаудың түрлеріне арналған қосықтары (өлеңдері) жанрдың маңызын арттырды. Сондықтан ақын шығармашылығындағы бұл жанрды арнайы зерттеу ақын лирикасының ерекшелігін ашуға қызмет етеді деп ойлаймыз. Ақын шығармашылығындағы арнау жанрының даму сипатына тоқталамыз. Ақын шығармашылығы хақында пікір білдірген ғалымдардың еңбектері мақаламызға методологиялық қорытынды жасауға негіз болды. И. Юсуповтың арнау өлеңдерін түрге бөліп, тақырыптық, жанрлық, поэтикалық талдаулар жасалды. Азаматтық пафос, лирикалық ой, поэтикалық айқындылық, поэтикалық мәдениет, т.б. қасиеттер ақын шығармашылығына тән. Қазіргі қарақалпақ поэзиясында Ибрагим Юсуповтың поэтикалық дәстүрі жалғасуда.

Кілт сөздер: қосықтар (өлең), арнау өлең, жарлай арнау, зарлай арнау, сұрай арнау.

K. Turdybaev

Candidate of Philology, Berdak Karakalpak State University,
Nukus, Karakalpakstan (awada@mail.ru) ORCID: 0000-0003-0099-1353

**Karakalpak poetry and the artistic character of dedication poetry in
the works of I. Yusupov**

Abstract

The article examines the place of I. Yusupov's poetry in the history of Karakalpak literature and genre features of dedicated poems in the poet's work. Artistic approaches in the poetry of I. Yusupov renew the artistic form of poetry. The poet's additions to the types of initiations in literature increased the significance of the genre. Therefore, we believe that a special study of this genre in the poet's work will serve to reveal the peculiarities of the poet's lyrics. In this article, we will focus on the nature of the development of the genre of initiation in the poet's work. The works of scientists who commented on the poet's work laid the foundation for the methodological conclusions of our article. Dividing I. Yusupov's poems into types, a thematic, genre, poetic analysis will be carried out. Civic pathos, lyrical thought, poetic clarity, poetic culture and other qualities are characteristic of the poet's work. The poetic tradition of Ibragim Yusupov continues in modern Karakalpak poetry.

Keywords: hymns (poems), dedication poetry, ballad, lamentation verse, verse-request.

Қарақалпақтар түркі тілдес халықтар арасында өзінің бай тарихымен, ауыз әдебиетімен, әдет-ғұрпы және салт-дәстүрімен ерекшеленетін халық. Тәуелсіздік жылдарында халықтың ұлттық мәдениеті мен әдебиетінің дамуына қатысты күрделі жұмыстар жасалды. Ең елеулісі қарақалпақ фольклорының 100 томдығы баспадан шықты. Тамыры терең тарихымыздағы Орхон-Енисей ескерткіштерімен ұштасатын қарақалпақ әдебиетінің даму ерекшеліктері жаңа бағытта зерттелуде. Қарақалпақ поэзиясының биігі, ұлт поэзиясының өсіп-өркендеуінде елеулі орны бар Күнқожа, Әжінияз, Бердақ, А. Мусаев, А. Дабылов сынды ақындар шығармашылығындағы әдеби дәстүрлердің синтезделуі, әлемдік әдебиетпен байланысы жайында ізденістер жасалды. Белгілі тарихи тұлғалар мен тарихи оқиғаларға, топономикалық, антропономикалық атауларға байланысты мақтау, қошеметтеу, оларға арнау стилінде шығармалар тудыру ұлттық әдебиетімізде бай поэтикалық дәстүрге ие болып, жанрлар түрлене бастады. Бұл құбылыс қазіргі лирикамызда да кең етек алуда. Мәселен, белгілі қарақалпақ ақындары И. Юсупов, Ұ. Айымбетов, К. Каримов, Ж. Избасқанов, Х. Дәулетназаров, Ә. Өтепбергенов, М. Жұманазарова, Н. Төрешова, Г. Дәулетова және тағы басқалар бұл жанрдың көркем талабына сай қалам тартып келеді. Олардың әрқайсысында арнау лирикасы өздерінің қайталанбас поэтикалық қасиеттерімен көзге түсуде. Бұл көрініс аты аталған ақындар талантының, дүниетанымы мен идеялық-эстетикалық талғамының жоғары екендігінен дерек береді.

Жоғарыда аты аталған ақындардың қатарында қарақалпақ әдебиетінің өркендеуіне үлес қосқан И. Юсупов поэзиясын мақаламызға өзек етіп, шығармаларына тоқталмақпыз. Ақын шығармалары 1949 жылдан бері жарық көріп, өмірінің соңына дейін қарақалпақ әдебиетіне мол олжа салды. Қарақалпақ әдебиетінде поэзия 1980 жылдардың екінші жартысынан бастап демократиялық келбетке ие болды. Сол тұстағы қоғамдық жағдай әдебиетке де өз ықпалын тигізді. Бұл процесс көркем туындылардың мазмұндық сипатынан да көрініс тапты. Осы жылдары И. Юсуповтың өмір шындығын батыл бейнелейтін «Қайта кұру балаларына», «Ашық сөз», «Диалектика», «Кеме зауытындағы елес» сияқты лирикалық шығармалары дүниеге келді. Ақынның демократиялық көңіл-күймен жазылған туындылары басқа қарақалпақ шайырларына да әсерін тигізбей қоймады. Сондай-ақ, И. Юсупов поэзиясы кез келген сөзге поэтикалық құндылық таңып, оны көркем сөзге айналдыру, жаңа сөз тіркестерін жүзеге асыру,

сөздердің дәстүрлі мағыналарын жаңартумен ерекшеленеді. Шайыр поэзиясында қарақалпақ тілінің дыбыстық бейнесі, стильдік байлығы, сөз мағынасының әр түрлі құбылыстары бар. Ақын өлеңдерінде сөзге иллюстрациялық реңк пен мазмұнның эмоционалдылығын қамтамасыз ететін күш бар. Сондықтан болар И.Юсупов поэзиясының көркемдік ерекшеліктерін зерттеу бірнеше ірі ғылыми еңбектерді зерттеуге материал бола алады. Қарақалпақ әдебиеті ғылымында И. Юсуповтың шығармашылығы жоғары дәрежеде зерттеліп, ақын шығармашылығы туралы бірнеше мақалалар мен монографиялар жазылып, кандидаттық диссертациялар қорғалды. Солардың қатарында Қ. Оразымбетовтың «Қазіргі қарақалпақ лирикасындағы көркемдік формалардың эволюциясы мен типологиясы» [1], Ж.Есеновтің «Поэзия жұлдызы» [2], А.Хамидованың «И.Юсуповтың шығармалары және Еуропа әдебиеті (Әдеби байланыстар және әдеби әсер мәселелері)» [3], И.Мамбетованың «И.Юсупов поэзиясының өлең құрылымы» [4], Қ.Оразымбетовтің «Қазіргі қарақалпақ лирикасындағы көркемдік зерттеулер» [5], Қ.Мұратбаев «Қарақалпақ поэзиясындағы өлең құрылысы» [6], Г.Есемұратов «Ибрагим Юсупов поэзиясы» [7], Д.Пахратдиновтың «И.Юсупов поэзиясындағы Шығыс классиктерінің дәстүрлері» [8] атты еңбектерінің маңызы айрықша.

Ақын қаламынан туған бірнеше жыр жинақтары мен әңгіме-дастандары «Ғарры туттағы гүз», «Бахыт лирикасы», «Күншығыс жола ұшысына», «Жети асырым», «Дала әрманлары», «Заман ағымы», «Томирис және басқа өлеңдер», «Шабыт», қарақалпақ музыкалық-драма театры үшін «Қырқ қыз», «Актрисаны ығбалы», «Өмирбек лаққы» пьесалары тақырыптық-идеялық, көркемдік тұрғыдан биік бағаға ие. И. Юсупов сонымен қатар А. Пушкин, М.Ю. Лермонтов, Т.Г. Шевченко, Абай, Г. Тукай, Шекспир сияқты орыс, қазақ және әлем әдебиеті классиктерінің шығармаларын қарақалпақ тіліне аударды. Әдебиеттің бірнеше жанрына үлес қосқан ақынның арнау өлеңдері де арнайы зерттеуді қажет етеді.

Ақын И. Юсупов «Мен өзімнің ақындық жолымды ешкіммен бөліспеймін. Алайда, қазіргі жариялылық дәуірінде шайыр да өзінің «платформасын» жариялауға құқылы. Біз Шығыс пен Батыстың поэтикалық асылдарын іздейміз, оқимыз, зерттейміз және ләззат аламыз. Бірақ өлең туралы сөз болғанда, мен Бердақ пен Әжінияздың өлмес шығармаларын дәріптейтін «қосық» дәстүрін жетілдіру үшін қол жеткізген өнерімді пайдалануға тырысамын. Осылайша, мен әсіресе Мақтымқұлының жүріп өткен жолын «қосық академиясы» деп

санаймын, оған бас иемін. Қарақалпақта «қосық», өзбекте «қушиқ», түркіменде «ғошқы» түрік һәм әзербайжанша «ғошма», қазақта «өлең», қырғызда «ыр» деп аталатын бұл лирикалық форма туысқан түркі тілдерінің ғажайып ортақ көркемдік табысы деуге болады. Бұл тілдер әлеміндегі ортақ игіліктің тамаша жетістігі. Осы халықтардың жүрегіне жол таба отырып, мен «қосық» – баламасыз лирикалық жанр дер едім» [9, 5 б.], – деп, қарақалпақтың қосық жанры туралы пікір білдіреді. Сондай-ақ, қосық – халық пен заманға қызмет етіп замандастарының көңіл-күйін, қайғысын, арманы мен тілегін жырлау арқылы, адам сезімін, ішкі жан дүниесін дәріптеп, табиғат сұлулығын бейнелейді деп, анықтама береді. Ақын поэзияның жағдайына алаңдап, қоғамдағы саяси жағдайлардың әсерінен поэзияның публицистикалық сипат алып, көркемдік ерекшелігінен ажырап бара жатқанына тоқталады. Біз мақаламызда И. Юсуповтың қосықтарын тақырыптық тұрғыдан топтастырып, солардың қатарында арнау өлеңдеріне арнайы талдау жасауға тырыстық.

Әдебиетте арнау өлеңдердің жанрлық табиғаты жайында А. Тілеуованың «арнау жырлары, өзінің атауынан белгілі болып тұрғандай, шығарманың белгілі бір объектіге бағыттталып шығарылуы. Бұл арнау жанрын анықтауда басты критерий болғанымен арнау жырларының өзіндік құрылысы, өлең өлшемдері объектіні қамту ерекшелігі болатынын ешкім жоққа шығара алмайды. Арнау жырларының шығу тегі мадақ жырларымен тығыз байланысты болғанын бұл жанрды арнайы зерттеген орыс ғалымдары да баса айтады. Адамзат тарихында қоғамдық құбылыстардың белгілі бір заңдылықпен іске асатынын ескерсек, қазақ халқының мадақ жырлары мен ежелгі рим, грек, орыс одаларының түп төркіні де бір екенін көреміз» [10, 137 б.], – деген пікірін ескерсек, И.Юсуповтың арнау өлеңдерінде белгілі бір тұлғаны бастан аяқ мақтау немесе қоғамдық оқиғаларға арнау айту басты мақсат емес. Осы тұрғыдан ақын өлеңдерін қарастырғанымызда автордың әдеби-эстетикалық концепциясы назарға алынды. И.Юсуповтың көркемдік дәрежесін биіктеткен А.Ариповқа арнаған өлеңі. Онда диалогтар мен полилогтар ерекше шебер қолданылған. Бұл детальдар туындының эмоционалдық әсерлілігін күшейтуге қызмет еткен. Ал, ақынның «Жетпіс сенің жездең емес...», «Дос әзілі» өлеңдері де юморлық сипатқа бай, мазмұн тереңдігімен оқырман жүрегін жаулайтын құнды дүниеге айналған. Мысалы:

Жаслық дәуран қайтадан келмес,
Ол туұралы ойлама, бала!
Жетпис сениң жездең емес,
Жетпис пенен ойнама, бала!
Жетпис пенен ойнама, демек!
Ол баяғы елиұиң емес.
Сен кешеги Дәмеге еркелеп,
Былғалаңлап келиұиң емес
«Жетпис пенен ойнама, бала!» [9, 62 б.].

Ал, тілші, жазушы О.Бекбауловқа бағышталған «Дос әзілі» өленінде мына жолдар да оқырманға сөзсіз эстетикалық әсер беретіндігі анық.

Бес төбеден нәзер салсам хәр жайға,
Маған бир әжайып мурын көринди.
Ышқы оты жаман екен, жанларым,
Мурынлар ишинде бурын көринди...
Мурын ийесине сондай жарасты,
Көп жигитлер қызғанысып қарасты.
Нөкис хәм Қазаннан қызлар таласты,
Жолларың да бирим-бирим көринди [9, 33 б.].

Міне, бұларда объектив әдеби қаһарманның тікелей іс-әрекетіне, сондай-ақ портреттік бітіміне тиісті детальдарды ақын өлеңге енгізу арқылы арнау өлеңдеріндегі көркемдік құбылтулар мен эмоционалдық сипатты күшейткен.

Ақынның жекелеген адамдар мен табиғат ғажайыптарына, ұлттар мен жер атауларына арнап айтқан өлеңдері көптеп кездеседі. Әсіресе өнер адамдары, ақындар, жазушыларға, ұлттар мен жер атауларына арналған өлеңдерін тақырыптық тұрғыдан топтастыруға болады. «Шайыр» (М.Ю.Лермонтовқа), «Бердаққа», «Келдим» (Сулайман Рустамға), «Булақ» (Сырбай Мәуленовке), «Жаңалан достым» (Қ. Нурымбетовке), «Хошдәс» (Гнежебай бақсыға), «Дос қәдири» (Бабаш Исмаиловтың естелигине), «Сәўбет» (С.Ералиевке), «Садық шайырға», «Хосе Мартиге», «Пахтакеш баба», «Хәзил» (Актер Р. Сеитовқа), «Жетпис сениң жездең емес» (А. Бекмановқа), «Шайыр Тенелбайға», «Аллергия» (Т. Ещановқа), «Хәр китабың бир қызықлы шежире» (Ж. Муратбаевқа), «Сопрано» (С. Қабуловаға), «Аббаз шайырға Украинадан хат» атты бірнеше өлеңдері танымал тұлғаларға

арналса, «Кавказ», «Кисловодск – Кавказ сулыұы», «Лермонтов турған жайда», «Азовсталь», «Әмиўге» сияқты арнаулары көрікті жерлерге арналған. Сондай-ақ, ақын өлеңдерінде сыршыл лиризммен астасқан «Алжир қызы Жәмийла», «Сулыұ екен Алма-Атаның қызлары», «Жулдыз қызы», «Риммаға», т.б. арнау өлеңдері әр халықтың ару қыздарына арналады. Ақынның жазушы Ж. Мұратбаевқа арналған «Әр кітабың бір қызықты шежіре», ақын Т. Сәрсенбаевқа бағышталған «Жүр малдың алдынан шығайық, Шайда!» атты туындыларының орны салмақты. Оларда ақын әдеби қаһармандарға деген ақиқатшыл пікірлерін ашық білдіру арқылы үлкен поэтикалық шеберлік шыңына көтерілген. Ақын алғашқы өлеңде ескі тарихтың ашылмаған парақтарына терең үңіліп өз кейіпкеріне баға береді. Ал екіншісінде кейіпкерін юморлық суреттеу арқылы өлеңнің эмоционалдық әсерлілігін арттыруға тырысқан. Автордың «Әр кітабың бір қызықты шежіре» өлеңіндегі жыр шумақтары арнау иесінің образын ашады:

Көкирегің сырға толы өжире,
Аўылласым, ўа азамат Жубатқан!
Хәр китабың бир қызықлы шежире,
Суўсыныңды қандырғандай шубаттан...

Зорламаймыз жазғанымә исен деп,
Оқыўшының өз геллеси өзінде.
Сен тарийхтың асаў атын кисенлеп,
Услап алдың дүзде жүрген гезінде [9, 33 б.].

Шындығында соңғы жылдары түркі тілдес халықтардың шежірелеріне ерекше зейін қойып, құнды деректер жинап, өзі де қарақалпақтардың өткен өміріне қатысты шығармалар жазған жазушы Ж. Мұратбаевтың болмысын сомдап, көркем образын жасайды. Әсіресе, өлеңдегі сөз тіркестері мен көркем сөздер ақынның шеберлік қуатын айқындап тұр. Ал И. Юсуповтың Т. Сәрсенбаевқа арналған арнау өлеңі өзінің өткірлігі, терең мазмұны, эстетикалық құндылығы юморлық детальдарға бай екендігімен ерекшеленеді. Мысалы:

«Жүр, малдың алдына шығайық, Шайда!»
Шақыр тез, бийдәўлет Теңелбай қайда?!
Жазыўынан жуўыўы көп шайырдың,
Бир қосық туўылса еки-үш айда...
Жүр, малдың алдынан шығайық, Шайда!
Саған ашық болғанлықтан жасында,

Шайыр болып шыққан ол ырасында,
Ышқы әсери бар оның басында,
Сондай дәрт болмаса шайырлық қайда?
Ең жақсы қосығы сен едің, Шайда! [9, 54 б.]

Бұл жерде ақын Теңелбай Сәрсенбаевтың мінезіндегі кейбір қасиеттерін өткір юмормен қағытады. Т. Сәрсенбаевтың ертеректе жазылған «Жүр, малдың алдынан шығайық, Шайда!» атты туындысынан алынған жолдарды эпиграммалық әдіс арқылы шебер пайдаланып, қызықты юморлық образ тудырады. Өлеңдегі қарақалпақтардың ауыл тұрмысына, ұлттық колоритіне тән болған өте әсерлі детальдар, поэтикалық бояулар, эмоционалдық, экспрессивтік әсерлілікке ие жолдар, сөздер оқырманының көңілін тез баурап алады. Мысалы, төмендегі жыр жолдарында ауыл тұрмысына тән картиналық көріністерді әдеби қаһарманның ішкі толғаныстарымен тығыз байланыстыру арқылы автор үлкен поэтикалық шеберлікке жеткен:

«Жолдың еки бойы пахтадан-пахта,
Қосық жазамекен мал келген ұақта...»
«Еки аяғына бир етик кийип,
Жуұырды изиңнен ышқында күйип.
Ал сен кетип қалдың басқаға тийип,
Зар жылап Теңелбай қалды бир сайда,
Оның илхам-йошы сен едің, Шайда! [11, 54 б.]»

Бұл жолдар да ақынның арнау айтылып отырған кейіпкеріне (Т. Сәрсенбаевқа) сыр суыртпақтай отырып ақынға өз ескертуін айтады. Ақын қаламынан тың идеялар мен өнімді өлеңдер күтетінін жеткізеді. Бұл өз кезегінде ақынның өзіне тән әдеби-эстетикалық интерпретациясын да аңғартып тұр. Сондай-ақ И. Юсуповтың ертеректе жазылған «Әскербайға» атты шығармасын да арнау өлеңдердің жақсы үлгісі деуге болады. Ол сатира-юморлық сипаттарының басымдығымен де әдебиеттің жыр-сүйер қауымы арасында үлкен қызығушылық оятты.

Арнау өлеңдер түркі халықтарының поэзиясына тән жанр болғандықтан ауыз әдебиетте де, жазба әдебиетте де ерекше орын алады. Қазақ әдебиеттану ғылымында З. Қабдолов арнау – адамның, яки ақынның өзіне не өзгеге, кейде тіпті жалпы жұртқа арнайы тіл қатуы, көпшілікке қайырыла сөйлеуі, олармен іштей кеңесуі [12] екенін айтады. Ал арнау өлеңді қазақ әдебиеттану ғылымына алғаш

енгізіп, ішкі жанрлық түрге жіктеген А. Байтұрсынұлы «арнаудың өзі үш түрлі болады: жарлай арнау, сұрай арнау, зарлай арнау» [13, 217 б.], – дейді.

Арнау өлең іштей жанрлық түрге жіктелгенімен белгілі бір ортаға, қауымға, жеке адамға т.б. арналып айтылатындықтан онда ортақ үндестік, бір жанрға тән ерекшелік айқын байқалады. Арнау өлеңнің жіктелуі негізінен тақырыптық сипатына, яғни кімге, қалай арналуына байланысты [13]. Жоғарыдағы А. Байтұрсынұлының пікіріне сүйене отырып, И. Юсуповтың арнау өлеңдерін жанрлық түрге топтастырар болсақ, ақын поэзиясынан арнаудың үш түрін де кездестіруге болады. Ақын туындыларының қатарында айрықша көзге түсетін әйгілі орыс ақыны М.Ю. Лермонтовқа арналған «Шайыр» өлеңі. Мұнда автор өлеңді жарлай арнаудың үлгісінде жырлаған. Өлең бір ғана ақынға арналғанымен автор идеясы жалпы ақындарды меңзейді. Өлеңде ақын сипаты мен оның бойында болуы керек қасиетті көрсете отырып, кейіпкеріне баға береді.

Халық өз жүрегінен тамшы қан алып,
Ұатан топырағына қарып сап хұждан,
Өлмес руұхы менен үрлеп дем салып,
Уллы нийет пенен жан берер оған.
Шийрин зибан беріп туұған анасы,
Мухаббат бесигин оның тербетер,
Асқар тау, ағар су, тоғай, даласы
Бәри оны танып тәрбият етер [11, 5 б.].

Мәтін мазмұнында асқар тау, ағынды су, даласынан күш алып, туған жердің махаббатына бөленген, бойында қаны таза, ар-ұжданы биік, ұлттың өлмес рухынан нәр алған жан ғана ақын деген атты арқалап жүре алатынын тұспалдап жеткізген. Өлеңнің кейінгі шумақтарында ғана орыс ақынының образын ашып, ақын туындыларының табиғатына үңіледі.

Орфейдің сыйқырлы сазын жаңлатып,
Ол жақсы сезімге интимақ етер.
Дүньяның кең, гөззаллығын аңлатып,
Тар пейилли инсанларға үйретер.
Пәлектің гәрдиши, заманның иси
Жүрек тарын шертип турады бирдей.

Еркинлик, әмирге деген ышқысы
Тийген жерин әртер Демон ләбиндей.
Қас қақбас ким оған гәзлеп оқ атса,
Мәңги күлер өзін атқан жаўына.
Инсанияттың арына ким қол қатса,
Дуэльге шақырар ол Машук таўына [11, 5 б.].

Ақын 23 жылдан кейін тағы да А. Ариповқа арнап жоғарыдағы өлеңімен аттас «Шайыр» өлеңін жазды. Мұнда да ақынға тән қасиеттерді термелей отырып Абдулла Ариповтың тарих сахнасына қатысты жазғандарын бірі түсінсе, бірі түсінбей қоғамда түрлі пікірлердің орын алғанын астарлап жеткізеді.

Сондай, сен де, мустақиллық жыршысы,
Хәзирет Наўайының даңқды урпағы,
Бердақ әўладлары хұрметлеп сени,
Сүйер жаңа заман қарақалпағы.
Хошамет қосығынан тойған халайық,
Сүйіп оқыр ойшыл қосықларыңды.
Бийік хұрмет – мәртлигиңе ылайық,
Пәк туттың шайырлық намыс-арыңды [14, 27 б.].

Ақын өлеңінің соңғы шумағында қоғам үшін заман оңғарылып, тарихи шындық қай кезде де биік орынға шығатынын айтып жырға қосады. Автор замана жыршысы атанған А. Ариповтың көркем образын сомдап, замандас һәм отандас болған ақынның игі істерін тізбелеп, жаңа дәуірді, жаңа заманға бет алған халықты, өзбек пен қарақалпақ арасындағы меймандостық пен екі ел арасында тел өскен ақын туралы шабытты сипаттап, бейнелі пафоспен баян етеді.

Жалғаншылық үстем еді шынында,
Жүзегөйлер жүрди салтанат қурып.
Ал сен шынлықсөзді хәр жазғаныңда,
Сени шарға қылды төбеңнен урып...
Заман оңайланды, қудайға шүкир,
Жалған уйқасықлар уйқаспай қалды,
Хақыйқатлық ушын басланды дәўир,
Халық өз тәғдирин қолына алды... [14, 27–28 бб.].

Ақын поэзиясынан орын алған туындыларының қатарында сұрай арнаудың да үлгісі кездеседі. Мұнда сұрай арнау риторикалық мақсатта, автор оқырманға ой сала отырып, өзі соған жауап береді. Астарында даналық, шешендік ойдың сипаты аңғарылады.

Жаратканның қайыр комлық қорында,
Не жоқ бендесине бермен десе.
Берген менен сорауы барсоңында,
Инанба жоқтан бар дөреген десе.
Жаслық ғайрат берди, ақыл хәм зейин,
Дарқан билим алып, илиндың хатқа.
Не жетпейди енди булардан кейин,
Заманы шақырған жас азаматқа?
Ийнесин излеген қыздай гүйбеңлеп.
Аяқастыңызға үңиле бермей,
Хэй, жаңа адамлар, келиңдә жөнлеп,
"Не көрдің Қара ат" деп шегине бермей... [14, 15 б.].

Ақын жоғарыдағы «Жұмысшыларға» өлеңінде бойында ақылы мен қайраты бар, зейіні мен білімі бар жастарға «бұл заманда не жетпейді?» деген сұрақпен ой қозғап, оның жауабын да іздеп табады. Өз заманының жастарын бірлік пен тірлікке шақырған ақын қоғамды құтқарғысы келген жолбасшыдай бейнеленген. Рухты өлеңімен жастарға шабыт беріп, қоғам мен елдің рухын, тұрмысын дамытуға шақырады.

И. Юсуповтың қаламынан туған арнаулар қатарында зарлай арнаудың да үлгісін кездестіруге болады. «Расул Ғамзатовтың естелигине» атты өлең жолдарынан ақынның ақынды жоқтауын һәм өзіне көңіл айтқан тоқтауын оқисыз:

Сен туұылған үйде – Цада аұылында
Еске алдық бирге устаз Ғамзатты.
"Даңқлы шайырларды бердик дүньяға",
Деп Хунзак сайлары гүркиреп атты.
Уйықла, шайыр! "Сол биймаза дүньяның
Енди сен көрмеген не қызығы бар?
Кел бунда қасыма, эзийз шайырым!"
Деп Патимат бәлким шақырған шығар [14, 15 б.].

Өлең мәтінінде авардың халық ақыны Расул Ғамзатовтың жырларынан сезілетін жылылық пен мінезіндегі қайсарлық, туындыларындағы ұлттық бояу, жеңіл әзіл мен даналық ойлар ақын рухын биіктетіп тұрғаны баяндалады. Туған топырағының бар қасиетін бойына жиған ақын табиғатын алға тартып, «Қойсуў дәрьясының бойын жайлаған, Аз санлы авардан туўған ул болып, Адамзаттың арнамысын жырлаған, Даңқ жайдың Ғамзатов Расул болып» деп ақынды ұлықтайды. «Кавказдың ең бийик саналған шыңы, Өзин пәс тутқандай бүгін қарасаң, Патиматсыз қалған бул ялғаншыны, Енди сен де таслап кетип барасаң» деп өкініш білдіріп, өз заманының ақынын сағына жоқтайды.

Жоғарыдағы өлеңмен үндес И. Юсупов шығармашылығында «Марат Нұрмұхамедовты еске алып...», «Дос қадірі» (Б. Исмайловқа) атты өлеңдері арнау лирикасының ең жоғары үлгілері болып табылады. Бұл өлеңдерге ақын терең әлеуметтік-қоғамдық сипаттармен салмақты мазмұн сіңіре алған. Нәтижеде олардағы әдеби тұлғалардың образдары үлкен гуманизммен суарылған. Мәселен, ақын академик М.Нурмухаммедовтың кенеттен болған қазасына көңілін білдіріп, өлеңнің трагедиялық пафосын қоюлатқан. Арнау өлеңдердің маңызын арттырып, жырдың ғажап үлгісін дүниеге әкелді. Мысалы:

Измир шөллеринде ескен самаллар,
Түркий тилде жоллап қайғылы хабар.
Ийесин жоғалтқан бир ат жәниўар,
Мудам сегбир тартар ядымда мениң.

Биреўлер аңбаса, биреўлер аңлар,
Дүньяға көп келмес гөззал инсанлар.
Әжел наймыт ол хәм жақсыны таңлар,
Дийдарың мөр басқан ядымда мениң... [9, 13 б.].

Өлең арнау лирикасының көркем табиғатына үйлесіп жазылған. Өлеңдегі салмақты гуманистік ойлар, Б. Исмайловпен достықты сәулелендіруге қызмет қылушы детальдар шығарманың ерекше әсерлілігін байытқан.

Кеўлине тиймедин ҳеш бир кисиниң
Жасаўда жоқ еди хийле, тәсилин.
Бул биймаза үйдиң ашық есигин,
Өсте ғана жаўып, шықтың да кеттиң...» [14, 86 б.].

Ойымызды қорытар болсақ, арнау өлеңдердің көркемдік табиғатын ашуға пафос қана емес, поэтикалық теңеулер, көркем құбылтулар мен айшықтаулардың да қызметі ерекше. И. Юсупов поэзиясында орын алған көркемдік тәсілдер поэзиядағы көркемдік түрді жаңалады. Ақынның әдебиеттегі арнаудың түрлеріне арналған қосықтары жанрдың маңызын арттырды. Сондықтан ақын шығармашылығындағы бұл жанрды арнайы зерттеу ақын лирикасының ерекшелігін ашуға қызмет етеді деп ойлаймыз.

Әдебиетіміздің мақтанышына айналған Ибрагим Юсупов поэзиясы тілге бай. Ұлтымыздың жас ақындары И. Юсуповтың поэтикалық туындыларымен сусындап, поэзиямыздың рухын асқақтауда маңызды рөл атқаруда. Азаматтық пафос, ойлы лирика, поэтикалық айқындылық, поэтикалық мәдениет, т.б. қасиеттер ақын шығармашылығына тән. Қазіргі қарақалпақ поэзиясында Ибрагим Юсуповтың поэтикалық дәстүрі жалғасуда. Әсіресе ақын шығармашылығынан орын алған қоғамдық прогресс бүгінде ілгерілеуде. Сөз соңында айтарымыз, Ибрагим Юсупов поэзиясына үңілген сайын өлеңдерінің түрлі қырын тани түсеміз.

Әдебиеттер

1. Оразымбетов Қ. Хәзирги қарақалпақ лирикасындағы көркем формалардың эволюциясы хәм типологиясы. –Нөкис: «Билим», 2004. –168 б.
2. Есенов Ж. Поэзия жұлдызы. –Нөкис: «Билим», 2003. –110 б.
3. Хамидова А. И.Юсуповтың творчествосы хәм Европа әдебияты (Әдебий байланыслар хәм әдебий тәсирлер мәселеси). Канд. дис. - Нөкис, 1999. –132 б.
4. Мәмбетова М. И. Юсупов поэзиясының қосық қурылысы. Канд.дис. – Нөкис, 1999. –125 б.
5. Оразымбетов Қ. Хәзирги дәўирдеги қарақалпақ лирикасында көркемлик излениўшилиқ. Канд.дис. - Нөкис, 1992. –141 б.
6. Муратбаев Қ. Қарақалпақ поэзиясында қосық қурылысы. –Нөкис: Қарақалпақстан, 1977. –173 б.
7. Есемуратов Г. И.Юсуповтың поэзиясы. - Нөкис: Қарақалпақстан, 1976. –163 б.
8. Пахратдинов Д. И.Юсупов лирикасында Шығыс классиклери дәстүрлери (Әдебий байланыслар хәм тәсирлер хәққында). Канд.дис. Нөкис, 2001. –128 б.
9. Юсупов И. Таңлаўлы шығармаларының еки томлығы I т., Қосықлар, поэмалар. – Нөкис: "Қарақалпақстан", 1992. 260 б.
10. Тілеуова А. Арнау өлеңдерінің жанрлық табиғаты // ҚазМУ хабаршысы. Филология сериясы. №39. – 136 -139 б.
11. Юсупов И. Шығармаларының еки томлығы. II том (Қосықлар хәм поэмалар). - Нөкис: "Қарақалпақстан". 1979. – 188 б.
12. Қабдолов З. Сөз өнері. –Алматы: «Санат», 2002. – 360 б.

13. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. Т.1. –Алматы: «Ел-шежіре», 2013. – 384 б.
14. Юсупов И. Хәр кимнің өз заманы бар (қосықлар хәм қысса). – Нөкис: "Қарақалпақстан". 2004. – 113 б.

References

1. Orazymbetov Q. Хазирги қарақалпақ лирикасындағы көркем формалардың еволуцтынасы хәм типологиясы. –Нөкис: «Билім», 2004. –168 б.
2. Esenov J. Poezia jıldyzy. –Нөкис: «Билім», 2003. –110 б.
3. Хамидова А. I. Iýsýpovtyń tvorchestvosy хәм Evropa ádebiaty (Ádebiı baılanyslar хәм ádebiı tásirler máselesı). Kand. dıs. – Нөкис, 1999. –132 б.
4. Mámбетова М. I. Iýsýpov poeziyasynyń qosyq qýrylysy. Kand.dıs. – Нөкис, 1999. –125 б.
5. Orazymbetov Q. Хазирги дәйирдеги қарақалпақ лирикасында көркемлік ізленішлік. Kand.dıs. – Нөкис, 1992. – 141 б.
6. Mýratbaev Q. Qaraqalpaq poeziyasında qosyq qýrylysy. – Нөкис: Qaraqalpaqstan, 1977. –173 б.
7. Esemyratov G. I. Iýsýpovtyń poeziyası. - Нөкис: Qaraqalpaqstan, 1976. –163 б.
8. Pahratdinov D. I. Iýsýpov lirikasında Shyǵys klassikleri dástúrleri (Ádebiı baılanyslar хәм tásirler хаqqында). Kand.dıs. Нөкис, 2001. – 128 б.
9. Iýsýpov I. Таңлаўлы шыǵармаларының еки томлығы I TOM Qosyqlar, poemalar. – Нөкис: "Qaraqalpaqstan", 1992. –260 б.
10. Tileýova A. Arnaý óleńderiniń janrlыq tabıǵaty // QazMÝ habarshysy. Filologiya seriasy. №39. – 136 -139 б.
11. Iýsýpov I. Shyǵармаларының еки томлығы. II tom (Qosyqlar хәм poemalar). - Нөкис: "Qaraqalpaqstan". 1979. -188б.
12. Qabdolov Z. Sóz óneri. –Almaty: «Sanat», 2002. – 360 б.
13. Baitursynuly A. Alty tomdyq shyǵарmalar jınaǵy. T.1. –Almaty: «El-shejire», 2013. –384 б.
14. Iýsýpov I. Хәр кимнің өз заманы бар (qosyqlar хәм qyssa). –Нөкис: "Qaraqalpaqstan". 2004. – 113 б.

Özet

Makalede Karakalpak edebiyatının temsilcisi olan İ. Yusupov'un şiiri ve şairin methiye tarzında yazılmış eserleri incelenecektir. İ. Yusupov, kendi şiirlerinde kullanmış olduğu tarzlarla şiire yeni bir tür getirmiştir. Şairin methiye türünde yazılmış koşukları bu edebi türün önemini artırmıştır. Bu yüzden İ. Yusupov'un eserleri arasındaki bu türün detaylı olarak incelenmesinin şairin lirik şiirinin özelliğini ortaya çıkaracağı kanaatindeyiz. Makalede, şairin methiye tarzındaki şiirlerinin gelişim sürecine değinilecektir. Şairin yaratıcılığı üzerinde fikir bildiren araştırmacıların çalışmaları, makalemizde yöntemsel bir çerçevede özet yapmamıza temel olacaktır. İ. Yusupov'un methiyeleri türlere ayrılıp bunlar konu, tür bakımından ve poetik olarak incelenecektir. Yurttaşlık duygusu, lirik düşünce, şiirsel netlik, şiir kültürü ve diğer nitelikler şairin eserinin karakteristik özelliğidir. İ. Yusupov'un şiir geleneği modern Karakalpak şiirinde devam etmektedir.

Anahtar kelimeler: Koşuklar, Methiye, Kaside, Methiye Türleri

(К. Турдыбаев. Каракалпак Манзумеси ve İ. Yusupov Eserlerindeki Methiyenin Sanatsal Özellikleri Üzerine)

Аннотация

В статье рассматривается место поэзии И. Юсупова в истории каракалпакской литературы и жанровые особенности стихотворений-посвящений в творчестве поэта. Художественные подходы в поэзии И. Юсупова обновляют художественную форму поэзии. Дополнения поэта к видам посвящений в литературе увеличили значение жанра. Поэтому мы полагаем, что специальное изучение этого жанра в творчестве поэта послужит раскрытию особенностей лирики поэта. В данной статье остановимся на характере развития жанра посвящения в творчестве поэта. Работы ученых, прокомментировавших творчество поэта, заложили основу методологических выводов нашей статьи. Разделяя стихи И. Юсупова на типы, будет выполнен тематический, жанровый, поэтический анализ. Гражданский пафос, лирическая мысль, поэтическая ясность, поэтическая культура и др. качества характерны для творчества поэта. Поэтическая традиция Ибрагима Юсупова продолжается в современной каракалпакской поэзии.

Ключевые слова: стихотворения, стих-посвящение, ода, причитание, просьба.

(К. Турдыбаев. Каракалпакская поэзия и художественный характер посвящения в творчестве И. Юсупова)

Г.Қ. Әліпхан

аға оқытушы, Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті,
Түркістан, Қазақстан (gulzhan.alipkhan@ayu.edu.kz)
ORCID: 0000-0003-1760-7688

Абай мен Лермонтов шығармаларындағы сабақтастық

Аңдатпа

Мақала мазмұнының өзегі – М.Ю.Лермонтовтың «Дума» өлеңі. Ақын шығармашылығындағы бұл өлеңнің орны аса зор. «Дума» – ақынның ұрпақ қамын ойлап алаңдаған терең ойлы туындысы. Мұны Абай қазақ тіліне аударған. Мақалада екі ақын арасындағы шығармашылық сабақтастық мәселесі «Дума» өлеңінің мән-мазмұны және оның қазақ тіліне аударылуымен байланысты қарастырылған. М.Ю.Лермонтовтың өз заманындағы қоғамдық жағдай мен замандастарына көңілі толмаған. Ол – өз заманы мен ондағы қоғамдық ой-санадан озып туған ойшыл ақын. Оны орыс қоғамының бүгінгі мен келешегі қатты алаңдатқан. «Дума» – осындай сыншыл ойдан туған терең мәнді туынды. М.Ю.Лермонтов секілді Абай да өз заманының кемшіліктерін көп көріп, оларды аяусыз әшкерелеген. Абай адамгершілік жайлы ойларымен адам мен заманды түземек болған. Мақалада екі ақынның ортақ ойлары бір өлеңнің мазмұны мен аудармасы негізінде сабақталған.

Кілт сөздер: Абай, М.Ю. Лермонтов, «Дума», ой, қайғы, өлең, қоғам, ұрпақ, келешек, аударма, сабақтастық.

G.K.Aliphan

Senior Lecturer, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University,
Turkistan, Kazakhstan (gulzhan.alipkhan@ayu.edu.kz) ORCID: 0000-0003-1760-7688

Continuity in the work of Abai and Lermontov

Abstract

The content of the article is based on the poem "Duma" by M.Y. Lermontov. It occupies a special place in the poet's work. "Duma" is a work with a deep and rich content, reflecting the thoughts of the poet, concerned about the future of his generation. Abai translated this poem into the Kazakh language. This article examines the problem of the creative continuity of the two poets, associated with the translation of the "Duma" into the Kazakh language and its ideological and thematic content. M.Y. Lermontov was never satisfied with the current social situation and the people he was surrounded with. He was too sophisticated and innovative poet for his time. He was deeply anxious about present and future of the Russian society. "The thought" is a work with profound meaning as a result of his criticism. Just as M.Y. Lermontov Abay mercilessly criticized inadequacies of his living time. Abay tried to remedy people and their morality with his humanistic philosophy. The article depicts common ideas and philosophy of the both poets on the basis of contents and translation of one poem.

Keywords: M.Y. Lermontov, Abai, "Duma", thought, sadness, poem, V.G. Belinsky, society, generation, future, translation, continuity.

М.Ю. Лермонтов (1814–1841) – тым аз өмір сүрсе де, орыс әдебиетінде А.С. Пушкиннен кейінгі, тіпті аты онымен қатар аталатын орны бөлек ойшыл ақын. Екі алып бейнелеген Онегин [1] мен Печориндер [2] – өз кезіндегі орыс қоғамының шынайы да жинақталған болмысын кейіптеген кесек тұлғалар. Пушкин мен Лермонтовтың ақыл-ойы, жан-жүрегі, дүниетанымынан қуат алып дүниеге келген бұл екі кейіпкер көбіне өмір сүрген заманы, қоғамына қарай қайшылықты, кемшілікті көрінсе де, екеуі де о баста жасынан жалынды, зерек, таза жандар болған. Өсе келе, замандастарымен араласа жүріп, дертті, кеселді қоғамының кезекті жағымсыз өкіліне айналған. Әйтсе де олар – көп қарғаның ішінде бір аққу болып жүре алмай, заманы мен ортасына еріксіз бейімделе беріп, қасиеті мен қазынасын жарқырата танытып игілікті ете алмай өткен қасіретті бейбақтар. Екеуі де (Онегин, Печорин) орыс әдебиетінде бірыңғай жағымсыз кейіпкер ретінде қараланбайды [3], керісінше В.Г. Белинский бастаған біраз зерттеушілер тарапынан ақылды, ойлы, өзгелерден артық болмыстарымен бағаланатыны да бар. Жалпы жан-жақтылық пен болмыс байлығы – көбіне кесек тұлғаларға ғана тән болатын қасиет. В.Г. Белинский М.Ю. Лермонтовтың романы туралы көлемді мақаласында Печориннің болмысын танытып былайша толғанады: «В самом деле, в нем два человека. ...в состоянии рефлексии человек распадается на два человека. ...При одном чувстве человек есть раб собственных ощущений, как животное есть раб собственного инстинкта. Достоинство бессмертного духа человеческого заключается в его разумности, а последний, высший акт разумности есть – мысль. В мысли – независимость и свобода человека от собственных страстей и темных ощущений [4, 129 б., 138 б., 139 б.]. Осындай туысынан жақсылығы бар әрі онысы мол болып келіп, қоғам кінәратынан жамандығы да қосыла беріп, алайда жақсылығы жамандық ішінде қалса да жарқылын жоғалтпаған күрделі кейіпкерді М.Ю.Лермонтов өзі өмір сүрген жиырма жеті жасында-ақ сомдап үлгерген екен.

М.Ю. Лермонтов өзінің ақылды, ойшыл болмысын лирикалық өлеңдерімен де танытқан. Оның сондай ойлы өлеңдерінің бірі – «Дума» болатын. Мұны Абай қазақ тілінде сөйлетіп, туған халқының игілігіне айналдырған. М.Әуезовтің жазуынша, Лермонтовтан Абай жасаған аударманың ұзын саны – жиырма жеті өлең, үзінділер [5, 205 б.]. Солардың қатарында Абай «Қарасам, қайғырар жұрт бұл заманғы» деп бастап аударатын М.Ю. Лермонтовтың «Дума» өлеңі де бар. Ақын

шығармашылығын кешенді түрде талдап танытқан атақты монографиясында М.Әуезов Абайдың Лермонтовқа баруындағы бірнеше творчестволық іздену тәжірибелерін әңгімелей келіп: «Ол жайлар Абайдың аудармаларын түгелімен ұдайы салыстырып отырып, толық зерттейтін еңбектердің нақтылы міндеті болу керек» [5, 206 б.] деп кейінгі зерттеушілерге ізденіс өрісін де дайындап қоятыны бар. Лермонтов пен Абай арасындағы шығармашылық сабақтастық мәселесін өткен ғасырдың елуінші жылдарынан бастап ғылыми ізденісіне өзек еткен ғалым – З.Ахметов. Өзі де өмірде ұзақ жүріп үлгермей, аз ғұмырында-ақ ақыл-ойға терең толығып өткен ақын жайлы ғалым: «Тіпті Лермонтовтың поэзия әлеміндегі барлауы есепті, 16–17 жасында жазған өлеңдеріне көз салсақ, солардың өзі алдымызға ақын поэзиясының өзегі – аласұрған алып-ұшқан ой-қиял, өмірді терең талдау, ізерлеу, іздену, сыншылдық, әрекет-күреске құмарлық екенін жайып салғандай. Ерте есейген жас Лермонтовтың өлеңдерін оқыған адам тұтқиылдан ой-қиялдың соншалық бай, соншалық сарқылмас қызық дүниесіне кіргендей болады» [6, 175 б.]. Біз Абайды қатардағы көп ақынның бірі емес, бірегейі, ойшыл, хакім ақын деп танимыз. Абай осындай ойшыл болмысымен Лермонтовтай орны бөлек дара ақынның аса ойлы, көркем туындыларын таңдап тауып аударған. «Дума» өлеңін З. Ахметов Абайдың Лермонтовтан аударған туындыларының алды, асылы ретінде атайды және Лермонтовтың осы өлеңі жайлы терең толғаныстан туған өз ойларын ортаға салады: «Лермонтов поэзиясының бір берік қазығындай «Ой» деген толғау-жырын еске алсақ, оның Абайдың назарына тегін ілікпегенін байқай аламыз. Дүние, өмір жайлы тынымсыз ойға батып, бәрін сынап, ақылменен саралап, асқақ қиялға, үміт пен арманға әбден берілген күйі де, жазықсыз жапа шеккен, ауыр бейнет тартқан көптің атынан азулы, күштілерге айтқан қатты наразылығы да – бәрі де осы өлеңнен молынан сезіледі» [6, 176 б.]. В.Г. Белинский өзінің жетпіс беттен тұратын «Герой нашего времени» романы жайлы көлемді мақаласында ақынның «Дума» өлеңіне қайта-қайта оралып, өз ойының өзегі мен түйіндеуін осы өлеңдегі төрт тармақтан тапқандай болады: «...Как в характеристике современного человека, сделанной Пушкиным, выражается весь Онегин, так Печорин весь в этих стихах Лермонтова:

И ненавидим мы, и любим мы случайно,
Ничем не жертвуя ни злобе, ни любви,

И царствует в душе какой-то холод тайный,
Когда огонь кипит в крови.

«Герой нашего времени» – это грустная дума о нашем времени, как и та, которою так благородно, так энергически возобновил поэт свое поэтическое поприще и из которой мы взяли эти четыре стиха» [4, 151 б.]. М.Ю. Лермонтов жазған «Дума» өлеңі қырық төрт жолдан тұрады, Абай да оны осы көлемде қара өлең ұйқасымен он бір шумақ етіп аударған. Лермонтовтың жоғарыдағы төрт тармақ өлеңін Абай былайша қазақшалаған:

Жек көрер, жақсы көрер – кезі білер,
Ашуы, махаббаты босқа сөнер.
Жанында суықтық бар бір жасырын,
Қаны отты жас күнінде шықпас өнер [7, 42 б.].

Түпнұсқадағы ой терең әрі өткір секілді. Лермонтов қолданған «ненавидим», «либим» деген екі сөзде біздіңше, терең сыр бар. Жақсы көру, сүюден – адамдық негізі қайырымдылық туса, жек көру – жауыздық пен қиянаттың бастауы. Адамдықтың жетіліп биіктеуі де, құлдырап төмендеуі де осы екеуінен бастау алады. Ақын өз заманындағы қауым өкілдеріне күңірене қарап күйінетіндей. Соншалық енжар, мақсатсыз, армансыз, әрекетсіз ұрпақ үшін ақын іші қан жылайды. Адам деген жек көрсе де, жақсы көрсе де, соған саналы түрде ұмтылып, алдына мақсат қойып, еті тірлікпен тіршілік етсе керек еді. Ал ақын көріп, күйініп отырған өз замандастары – ынтасыз, ақылсыз, әрекетсіз күйде жүріп көкірегі тірі емес, өліп қалғандай. Жалындайтын, жарқылдайтын, тау қопаратын шағында жаны, ділі, жүрегі жүдеп, семіп, қасаңданып кеткендей. В.Г. Белинский айрықша мән беріп қараған бұл төрт тармақта М.Ю. Лермонтов дертті, кеселді қоғамда өздері де ағыммен ере берген отсыз, жалынсыз, ақылсыз, мақсатсыз ұрпақтың қайғылы қалпын суреттеген, ұрпақ пен келешек қамын жеумен ауыр ойға түскен. Негізі, Абай М.Ю. Лермонтовтың «Дума» өлеңіндегі идея мен ой, негізгі сарынды дәл сақтағанымен, арасында еркін кетіп өзінше толғап қоятыны бар. Жоғарыдағы жолдар – Абай аудармасындағы сегізінші шумақ, ал өлең мазмұны екі ақында мына жолдармен басталады:

Печально я гляжу на наше поколение!
Его грядущее – иль пусто, иль темно,
Меж тем, под бременем познания и сомнения,
В бездействии состарится оно [8, 168 б.].

Қарасам, қайғырар жұрт бұл заманғы,
Салқын, қуыс – өмірі я қараңғы.
Білім де жоқ, білімге сенім де жоқ,
Өнерсіз қартаяр деп біл балаңды [7, 41 б.].

М.Ю. Лермонтов алғашқы жолын айрықша бөліп айтады және оған зор мән-мазмұндық салмақ арта үн қатады. Ақын мұнда өз заманындағы қауым өкілдері мен ұрпаққа үлкен уайым-қайғымен қарайды. Ұрпағы үшін алаңдайтын жағдайы мен қауіпі де бар. Өзі көріп отырған замандастарының келешегі ақынға соншалық мәнсіз, қараңғы, «салқын», «қуыс» көрінеді. Олар өресі жеткенше өмір сырын тани жүріп, арасында адасып та көріп, ақырында ағыммен кетіп кәрілікке де жеткенін білмей қалады. Ал Абайдың аударуындағы алғашқы жолда қабырғасы қарс айрылып қайғыратын ақын емес, жұрт болып танылады. Есесіне Абай Лермонтовтағы ұрпақтың әрекетсіз жүріп қартаюын «өнерсіз қартаяр» деп құлпыртып жібереді. Түпнұсқадағы ойды Абайдың «Білім де жоқ, білімге сенім де жоқ» деп өзгертіп аударуын да қисынды көреміз. Осы орайда Абай аудармасындағы бұл өзгерту В.Г. Белинскийдің ойымен сабақтасады: «Поэт говорит о новом поколении, что он смотрит на него с печалью, что его будущее «иль пусто, иль темно», что оно должно состареться под бременем познания и сомнения; укоряет его, что оно иссушило ум бесплодною наукою. В этом нельзя согласиться с поэтом: сомнение – так; но излишества познания и науки, хотя бы и «бесплодной», мы не видим: напротив, недостаток познания и науки принадлежит к болезням нашего поколения» [1, 193 б.]. Абайдың «Дума» өлеңін дәл аударатыны, тіпті таң қаларлық тамаша етіп жеткізетіні, кейде бірер жолдарын өзгертіп, өзіндік қабылдауымен қазақшалайтыны бар. Негізі, мұны арнайы айналысып, тарата танытып әңгімелеуге болады, ал біз бұл мақалада ойымызға дәлел болар кейбір жайларды ғана сөз етеміз.

...Перед опасностью позорно-малодушны,
И перед властью – презренные рабы [8, 168 б.].

Ұлыққа қошаметшіл, құл сықылды,
Қатерге аяқ баспас, көрмей артын [7, 41 б.].

...Мечты поэзии, создания искусства
Восторгом сладостным наш ум не шевелят [8, 169 б.].

Келісімді тәтті ой, әр шеберлік
Қуантпас ойын қозғап пәлен дерлік [7, 42 б.].

Осылардағы жеке сөз, ұғымдар дәл баламасымен берілмесе де, түпнұсқа өлеңдегі ой Абай аудармасы арқылы қазақ оқырманына ойдағыдай жақсы жеткен. Әр халықтың тілінде оның ұлттық болмысы мен қасиеті көрініп тұрады, өйтпегенде түпнұсқа мен аударманың екі түрлі ұлтқа қатыстылығы білінбей қалар еді. Ең бастысы, түпнұсқадағы мән-мазмұн мен ойдың екінші тілдегі оқырмандарға өз қалпында жетіп түсінікті болуы, бұл жағынан Абай аударған жолдарда Лермонтовтың ойлары мол сақталған әрі бұл ойлар қазақ оқырманына оның өзіндік ұғым, таным-түсінігімен табиғи қалпында жеткен. Мысалы, «презренные рабы» ой тіркесін Абайдың «ұлыққа қошаметшіл, құл секілді» деп аударуы қазақы ұғымға сай болуымен бірге ақын заманындағы саяси-әлеуметтік жағдайдан да хабар беріп тұрғандай. Орыс патшасы мен қазақтың бай-болыстары тарапынан екі жақты қысым-қанауға ұшырап қиянат көрген қорғансыз, әлсіз кедейлер мен жергілікті болыстардың өзі де ұлық алдында әсіресе қошаметшіл, құл сияқты болды. Кейінгі екі жолды аударуда Абай ақындық қуат-қабілеті мен шеберлігі жөнінен тіпті шыңдала, кемелдене түскені көрінеді. М.Ю. Лермонтов өзінше мықты, өзінше тапқыр, ақылды ой айтқан ақын болса, Абай да түпнұсқадағы сөздік, ұғымдық мән-мазмұн, пішінмен шектеліп қалмай, қайта қазақ ақыны, ұлт суреткері болып Лермонтов ойын дәл өз қалпында берумен бірге оны байытып, құлпыртып та жеткізген.

«Дума» өлеңін аударуда Абай Лермонтовтың нысаналы басты ойын өзгеріссіз жеткізуді мақсат етіп, ол ниетіне жеткен де, алайда ақындық әрекетінде еркіндеу болатыны да бар. Сөз, тіркес, ұғым жағынан өз аудармасында түпнұсқаға тікелей сәйкес келіп жатпайтын тұстары болса да, Абай Лермонтов ойларын толымды да дәл аударып жеткізген. Өлең мазмұны ел мен қауым, ұрпақ қамын ойлап уайым еткен ақылды, әлеуметтік ойларға толы. Лермонтовтан бастау алған бұл ойлар өмір, адам сырын әбден таныған кісінің өсиет, өнеге сөзіндей. Ақын заман, өмір, адам жайын биік, өскен өремен қарап, оларға қатысты өз төрелігі мен үкімін айтып отырғандай көрінеді. Өлең тақырыбы «Дума» (Ой) деп аталғанымен, оның алғашқы жолы да тақырып жүгін көтеріп тұрғандай әрі өлеңдегі барлық ойдың бастауы секілді: «Печально я гляжу на наше поколение». Өлең мазмұны ақынның осы уайым-қайғысының сыры мен ақиқатын танытуға құрылған. Ақынның өзі көріп, өзі араласып жүрген қауымының келешегі тым күңгірт, соншалық мағынасыз бос. Олардың тәлім-тәрбие, үлгі-өнеге алар ақылды, ойлы аға буын, ата-анасы да

болмағандай. Содан да бұл қауымның есіл өмірі мағынасыз, мақсатсыз өтуде. Үлкен-кіші, жақсы-жаман ешбір іске талабы жоқ, жетпей жатып жалыны сөніп қалған бір буын. Ақынды уайым-қайғыға салған бұл қауымның жеткен жері – «И час их красоты – его паденья час» (Лермонтов) – «Қызығы – үзілгені бос жүргенше» (Абай). Кәдімгі «бүйтіп тірі жүргенше, өлгені жақсы еді» дегендей күңіреністі қалып. Ақынды күйзеліске түсірген бұл қауымның айналысып жүрген кәсібі мен тапқан аз-маз ақыл-ойы да іске алғысыз. Осылайша «көрсем, білсем» деу мен адасудың аралығында ұйқылы-ояу жүргенде өлшеулі өмір де өтіп кетпек – «И к гробу мы спешим без счастья и без славы, глядя насмешливо назад. Толпой угрюмою и скоро позабытой над миром мы пройдем без шума и следа» (Лермонтов) – «Артқа қарап, ақ бейіл шалға күліп, абұйырсыз, атақсыз көрге құлар. Көп салқын бірін-бірі ойына алмас, кетер жым-жырт, артына із қалдырмас» (Абай). Бірақ рет келер тәтті тірлікте ақыл-ойы, ар-ұяты бар намысты адамның өмірден алар сыбағасы мен үлесі осы ғана болмау керек еді, ақын соны ойлап күйінеді. Лермонтов пен Абайды ауыр ой мен қайғы-мұңға салған – қоғам кеселі мен сондай қауымдағы адам ақаулары болатын.

Лермонтов өлеңін Абай түпнұсқадағы көлемін сақтап, өзгертпей, қоспай-алмай өз қалпында он бір шумақпен аударғанын жоғарыда жазып едік. Енді Лермонтов ойлары Абай аудармасы арқылы қалай жеткенін салыстырып көрейік. Өлең түпнұсқада «Дума» деп аталады, Абай аудармасында да қазақша «Ой» тақырыппен жақша ішінде «М.Ю. Лермонтовтан» деп беріледі. Алғашқы жолдың дәл аударылмағанын жоғарыда айттық. Түпнұсқада қайғыратын, мұңаятын – ақын болса, аудармада «қайғырар жұрт бұл заманғы» болып айтылады. Біз ойлаймыз, «қайғырар» емес, «қайғыртар» болар, сонда екі ақын ойы бір жерден шығып, түпкі ой қалпына келеді. Осылайша оқып көрсек, мынадай қисынды, сәйкес мазмұн шығады:

Печально я гляжу на наше поколение!..

Қарасам, қайғыртар (қайғырар емес) жұрт бұл заманғы...
Абай аудармасының осы жолын осылайша жазар болсақ, жөн болар. Екінші жолдағы «пусто» сөзін Абайдың «қуыс» деп аударуынан ғажап ақындық қуат танылады. Қазақта «қуыс кеуде» деген жағымсыз сөз бар, соған орай, ақын «бос» емес, «қуыс» деп аударған болар. «Темно» сөзін қосымша «салқын» деп аударуы да қисынға келеді. Қараңғылық, суықтық – жансыз, өмірсіз, мағынасыздықпен байланысты болса, «темно» сөзі де осы мазмұнға жақын екені талас тудырмайды. Егер өзі

concept of a full-fledged Muslim and a full-fledged person is differentiated, expressed in the word edification, and on the basis of this, the ways of cognizing the Creator are considered. This chapter, based on the method of interpreting multiple meanings in a few words, says that the search for truth through the knowledge of the Creator is a characteristic feature of human nature. It also explains the meaning of words and phrases used in the introduction of such ideas. This shows the poet's knowledge of the oriental language and demonstrates his vocabulary. For this reason, the semantic nature of examples of religious terms in the Kazakh language is revealed in the word edification. As a result, the poet's concept of "a full-fledged Muslim and a full-fledged person" proceeded from the role of religious scholars in revealing the place of religion in Islam and their significance in blasphemy. Based on the content, use and semantic essence of the key words of oriental languages, that is, the concept of the original is maximally presented in the Kazakh language. This means that Abay Kunanbayev, who mastered the teachings of the Prophet (peace and blessings of Allah be upon him), and was able to show in his speech that his religious teachings were rich and he was good at explaining Sharia. Because his works contain valuable and important information that is still needed today.

Keywords: Abay Kunanbayuly, words of edification, poet's time, full-fledged muslim, full-fledged person, meaning of the word.

Абай Құнанбайұлының дінге жасаған құнды еңбегінен бөлек, діни білім деңгейінің жоғары екеніне қара сөздерін оқығанда еріксіз көз жеткіземіз. Онда ақын дінді ұқтыру тәсіліне ерекше мән берген. Ол жай қара сөзбен, өмірлік мысалдар арқылы ұсынған. Тіксініп, шарт қою арқылы емес, керісінше, сұрақ қою, ой салу арқылы хикметтерін түсіндіру жолымен, байыппен үйреткен. Отыз сегізінші қара сөзде келтірілген мына бір ұғымды қасиетті Құран Кәрімде берілген мағынаға сәйкес тәпсірлеп тұрғандай көрінеді. Мысалы, Лұқман сүресінің 20-аятында: «Көрдiңдер ме? Рас, Алла тағала сендерге көктердегi, жердегi нәрселердi бой ұсындырды. Және сендерге көрнеу, көмес нығметтерiн толықтастырды. Сонда да ешбiр бiлiмi, тура жолы не нұрландырушы кiтабы болмаған кейбiр адамдар, Алла жайында таласады» дегендi ақын ақыл тезiне салып баяндайды. Қараңыз: *«Ақыл көзімен қара: күн қыздырып, теңізден бұлт шығарады екен, ол бұлттардан жаңбыр жауып, жер жүзінде неше түрлі дәндерді өсіріп, жемістерді өндіріп, көзге көрік, көңілге рахат гүл-бәйшешектерді, ағаш-жапырақтарды, қант қамыстарын өндіріп, неше түрлі нәбатәттәрдi өстіріп, хайуандарды сақтатып, бұлақтар ағызып, өзен болып, өзендер ағып дария болып, хайуандарға, құсқа, малға сусын, балықтарға орын болып жатыр екен. Жер мақтасын, кендірін, жемісін, кенін, гүлдер гүлін, құстар жүнін, етін, жұмыртқасын; хайуандар етін, сүтін, күшін, көркін, терісін; сулар балығын, балықтар иқрасын, хатта ара балын, балауызын, құрт*

жібегін – һәммасы адам баласының пайдасына жасалып, ешбірінде бұл менікі дерлік бір нәрсе жоқ, бәрі – адам баласына таусылмас азық» [1, 193 б.].

Алла тағала өзі адам баласын ардақты, құрметті етіп жаратты емес пе?! Көбіне өмірдің күйбең тіршілігіне араласып немесе өмірдегі мақсатын айқындай алмай жүргендерге Абай Құнанбайұлының қара сөзі де жоғарыда айтылған ойға орай «Өмір заңдары» секілді.

Өлшеулі өмір кімге болса да артық не кем берілмеген. Бәрінің уақыты бар. Сол өлшеулі уақыт аралығында адам баласына берілген нығметтер де сан алуан екенін көреміз. Яғни айналадағы әрбір жаратылыстың өзіндік хикмет-себебі бар. Дана Абай Құнанбайұлының қара сөздегі ұғымының тағы бір астары Құран Кәрімнің мына аятында ұсынылғандығын аңғарамыз: «Әрі сендерге өзінен сұраған нәрселеріңнің бәрінен берді. Егер Алланың нығметін санасаңдар, санына жете алмайсыңдар. Расында, адам баласы өте ынсапсыз, аса шүкірсіз» [2, 396 б.]. Сондықтан болса керек адам баласының Жаратушы жаратқан тіршіліктің дерлік барлығы пайдасы үшін жасалып, олардың ешбіріне нұқсан келтірмей, иелік етпей, меншіктенбей тиімді пайдалануды есіне салады.

Алдыңғы ізденістерімізде тілге тиек еткендей жаратқанға деген махаббаттың тәмсілі алғаш Алла тағаланың пенделері арасында айқындалған. Яғни Алла тағала мына әлемді жаратқанда адамға ерекше махаббат танытқаны айтылған. Сондықтан Абай Құнанбайұлы араб тіліндегі терминдерді бұлжытпай «тафаккаруу фиғла-иләһи» деп айтып, жаратушының іс-әрекеттерін есімізге салады. Расында, барлығы адам ұғлының пайдасы үшін жаратылған жан-жануарлардың өзі бір жерде орналасып қалмай, бірі суда, бірі орманда, ал енді бірі жартастарда тіршілік етуге бейімделген.

Осы ретте Абай Құнанбайұлы бізге таң қалатын тағы бір жағдайға назар аударуды ерекше атайды. Ол Алла тағала жануарларды жаратқанда бір-біріне қажеттілік сезімдерімен бірге жаратқан. Яғни адамзатқа азық боларлық жануарлар өздігінен көбейіп, адамдардың азықтарының азаюына деген қорқыныштарын біршама сейілткен. Әрине, мұндай жүйені жасаған жаратқанның хикметтерінде әділдік пен мейір-махаббат қатар көрініс табады. Олай болса осынша нығметті ихсан қылған Алла тағаланың жаратқандарына қиянатшылық жасамау пенденің басты міндеті болмақ. Ал егер жамандық жасауға ниеттенген кісі болса, онда ол өзі мұсылмандықтан ада немесе шала мұсылман сипатында болып жүргені [3, 78 б.].

Ақынның заманына орай адам баласының қол жеткізген жетістіктері сана мен ақылдың жетілу негізі болса, оның жасалмағы да Алла тағаланың қалауы деп түйеді. Мұның да басты себебі адам баласының үзілмес нәсіліне таусылмас азық болсын дегені. Бұл қара сөзде былай беріледі: *«Миллион хикмет бірлән жасалған машина, фабрика адам баласының рахаты, пайдасы үшін жасалса, бұл жасаушы махаббат бірлән адам баласын сүйгендігі емес пе? Кім сені сүйсе, оны сүймектік қарыз емес пе? Адам баласы қанағатсыздықпенен бұл хайуандардың тұқымын құртып, алдыңғылар артқыларға жәбір қылмасын деп, малды адам баласының өзінің қызғанышына қорғалатып, өзге хайуандарды бірін ұшқыр қанатына, бірін күшті қуатына, бірін жүйрік аяғына сүйентіп, бірін биік жартасқа, бірін терең тұңғиыққа, қалың орманға қорғалатып, һәм әрбірін өсіп-өнбекке құмар қылып, жас күнінде, кішкене уақытында шафғат, сәхәріменен бастарын байлап, қамқор қылып қоймақтығы – адам баласына өсіп-өніп, теңдік алсын емес, бәлки, адам баласының үзілмес нәсіліне таусылмас азық болсын дегендік»* [1, 194 б.].

Міне, Абай Құнанбайұлы осындай хикметтерге қиянат жасаған адамдарды қиянатшылар деп, ал қиянат жасауға бейім тұрғандарды мұсылман емес немесе шала мұсылман деп санайды: *«Жә, бұл хикметтерінің һәммасын һәм мархамат, һәм гадаләт заһир тұр екен. Біз ортамызда бұл мархамат, гадаләтті иманның шартынан хисап қылмаймыз, оның үшін муслим болғанда, Алла тағалаға тәслим болып, оның жолында болмақ едік, болғанымыз қайсы? Бұл екі ай мен күннен артық мағұлым тұрған жоқ па? Фигылы құданың ешбірін де қарар қылмаймыз, өзгелерде болғанын жек көрмейміз, өзіміз тұтпаймыз, бұл қиянатшылық емес пе? Қиянатшылыққа бір қарар тұрған адам - я мұсылман емес, ең болмаса шала мұсылман»* [1, 195 б.].

Дінім – діңгегім демекші, сол діңгекке талай балта шапқан молдасымақтарды да сынға алады. Ол өз заманында да осы сияқты шалалықтың болғанын ренішпен баяндайды, сондай-ақ өкінішпен оларды барынша гадаләтқа шақырады. Мұндағы ақынның да айтпағы өзгеше. Ақын оларға шүйлікпей, керісінше, төзімділік танытып, жасаған істерінің білместік екенін түсіндіретін Пайғамбарымыз (с.а.у) хадисін келтіреді: *«әл-инсан ғәдду ләма жәһилә хисап – адам баласы өзі білмеген есебіне дұшпан»*.

Абай Құнанбайұлы өмір сүрген кезеңде де дін бағушылардың ептеп болғанын оның жазбаларынан, қара сөздерінен көреміз. Сол

арқылы өзінің ұстанымында дінді жетесіне жеткізіп бергенін аңғарамыз. Ақын дінді білуде тек араб-парсы тілдерін меңгеру жеткіліксіз екенін де саралаған. Яғни тек осы айтылғандармен шектелген молдалардың пайдасы түгіл, қауіпті екеніне де назар аударған. Себебі, халықтың түп-тамырын, салт-дәстүрін білмей құры тіл үйреніп дінді уағыздау надандықтың белгісі деп санаған. Мұны да қара сөз мәтіндерінен кездестіреміз. Сондықтан әрбір сөз яки жағдаяттарға әділдікпенен жақындап мақтан, ғиззатты бойдан таса қылу керек дегенді ұсынған. Қараңыз: *«Бұл заманның молдалары хакім атына дұшпан болады. Бұлары білімсіздік, бәлки, бұзық фиғыл, әл-инсан ғәдду ләма жәһилгә хисап. Олардың шәкірттерінің көбі біраз ғарап-парсыдан тіл үйренсе, бірлі-жарым болымсыз сөз бахас үйренсе, соған мәз болып, өзіне өзгешелік беремін деп әуре болып, жұртқа пайдасы тимек түгіл, түрлі-түрлі зарарлар хасил қылады «һай-һой!» менен, мақтанменен қауымды адастырып бітіреді»* [1, 203 б.].

Міне құр мақтанмен көпшілікті адастыру дегенде ақын осыны меңзейді. Мен білемдік пен менікінің арасында қалыптасқан өзгешелік осыдан көрінеді. Ал мұның басы өзгешеліктен өзімшілдікке жетіп, адам баласы ғадаләттен арылады деп біледі: *«Бұлардың көбі әншейін жәһил түгіл, жәһиләләр кібік талап болса, қайда хақ сөздер келсе, қазір нысапқа қайтсын һәм гибраттансын. Рас, сөзге ор қазып, тор жасамақ не деген нысап, құр өзімшілдік һәм әр өзімшілдік – адам баласын бұзатын фиғыл. Растың бір аты – хақ, хақтың бір аты – Алла, бұған қарсы қаруласқанша, мұны ұғып, ғадаләтпен тәптештеуге керек»* [1, 203 б.].

Дін үйретуші сипатында болғандардың ақырзаман таяғанда пайғамбар кезеңінен бері едәуір өзгеріске ұшырайтанын сахабалар мен Мұхаммед (с.а.у.) пайғамбар арасында болған ақырзаманға қатысты сұхбаттан біле аламыз. Себебі, Абай Құнанбайұлы сол ақырзаманның жақындағанын «бір жылың – бір күн болар» хадисіне сүйеніп, айтып отыр (Тирмизи, Зүхд, 24). Осыған орай ұлы ойшыл өз заманындағы екі медресенің білім жүйесіне тоқталып, жаңа низамның пайдалы болуының амалы екенін жеткізген. Мұның дәлелін сол жерде білім ордаларын бітіріп шыққан білімі таяз молдаларға ишарат жасау арқылы білдіреді. Әрине, білімсіз қай саланың маманы болса да өз саласында көңілден шығатындай ілім үйрете алмайды деп түйеді: *«Мұндай фиғылдардан күпір қауі де бар. Және пайғамбарымыз салаллаһу ғалайһи уәссәлләм «ақыр заманда бір жылдық бір күн*

болар» дегенде сахаба-и кәрәмлар «бұл бір жылдық бір күнде намаз нешеу болар» деп сұрағанда: оның патуасын сол заманның ғалымдары білер деген сөзінен гибратланып қарасаң, замана өзгеруімен қағидалар өзгерілмегін білдіргені мағлұм болады» [1, 203 б.].

Заманында маңызды саналған оқу орындарының да осы айтылғандай мамандармен толысып, ескі ғұрыпта жалғасса, онда білім алғандар тек қана өмірін сарп қылып, алған білімдері өз саласының маманы болуды емес, өзге мақсатты қарастыруды көздейді. Нәтижесінде алдау мен арбауға жол береді: *«Бұл күндегі тәхсилгулум ескі медреселер ғұрыпында болып, бұл заманға пайдасы жоқ болды. Соған қарай Ғұсманияда мектеп харбия, мектеп рушидиялар салынып, жаңа низамға айналған. Мұндағылар ұзақ жылдар өмір өткізіп, ғылымды пайдасыз ұзақ бахастар бірлән күнін өткізіп, мағишат дүниеде надан бір ессіз адам болып шығады да, ешбір харекетке лайықты жоқ болған соң, адам аулауға, адам алдауға салынады. Көбінесе мұндай ессіздердің насихаты да тасирсіз болады» [1, 204 б.].*

Абай Құнанбайұлы өз заманындағы *тәхсилгулум ескі медреселер – білім беретін оқу орындары* бұрынғы қалпында қалып қойған деп біледі, яғни олардың заман сұранысы үшін пайдасы жоқ дегенді келтіреді. Сол себепті *мағишат дүние – тіршілік әлемінде* ол алған білімнің пайдасынан зияны дейді [4, 202 б.]. Әрі қарай ишандарды сынға алады: *«Моллалар тұра тұрсын, хусусан бұл заманның ишандарына бек сақ болыңдар. Олар – фитнә ғалым, бұлардан залалдан басқа ешнәрсе шықпайды. Өздері хукім шаригатты таза білмейді, көбі надан болады. Онан асып өзін-өзі әһіл тариқат біліп және біреуді жеткізбек дағуасын қылады. Бұл іс олардың сыбағасы емес, бұлардың жеткізбегі мұхал, бұлар адам аздырушылар, хаттә дінге де залалды. Бұлардың сүйгені – надандар, сөйлегені – жалған, дәлелдері – тасбызғы менен шалмалары, онан басқа ешнәрсе жоқ» [1, 205 б.].*

Мұндағы Абай Құнанбайұлының сынға алған ишандары дінді қару етіп, күнкөрісті мақсат еткендер. Ал сауаттарының шалалығы *тәхсилгулум ескі медреселерді*, қала берді оларды да өз дәрежесінде бітірмегендер, *ұзақ жылдар өмір өткізіп, ғылымды пайдасыз ұзақ бахастар бірлән күнін өткізіп, мағишат дүниеде надан бір ессіз адам болып шыққандар*, Абайша айтқанда. Міне мұндай сипаттағы ишандар сөзсіз аздырушылар болады. Олардың дін үшін де беретін залалдары жетеді деп біледі.

Шындығында, ишан – парсы сөзі. Ол белгілі бір кісінің өкілі немесе соның атынан әрекет етуші. Сөздің осы ұғымдағы мағынасын негізге алып Н.Оңдасынов «дін басыларының жоғарғы атақтарының бір атауы, олар дегенді білдіреді» деп түсінік береді [5, 37 б.].

Сөз жоқ, алғаш ишан сөзі – ұлы, қаған, шейх, хан, т.б. ел билеушілеріне көрсетілген құрмет, мәртебелі есім мағынасында жұмсалған. Себебі көне замандарда билеушілер өздері қол астындағы аймақтарды басқаруда жергілікті жердің өкілдері не болмаса өздері тағайындаған өкілеттіліктері, атқарушылары болған. Осы өкілдікке ие болғандар өздерін сайлаған ұлық задалардың атымен, яғни сол билеуші кісілердің атынан билік жүргізген. Олар кез келген сәтте солардың атын жамылып, әмірлерін, бұйрықтарын жүзеге асырған. Ең бастысы, аймақтарда осылайша ел басқарғандар өз билеушілерінің берген үлкен құрметтерінің арқасында тіпті олардың есімдерін де атамайтын болған. Міне мұндай билеушілік сол аймақтың билерінің «ишан-ишандар» деп аталуына септігін тигізген [6, 215 б.].

Абай Құнанбайұлы дін қызметкерлерін сынға алғанда сүйгені – ақ, сөйлегені – хақ, дәлелдері айқын, таза болуын басшылыққа алды. Сондықтан тек сырт көріністе *тасбығы менен шалмаларынан басқа ешнәрсесі жоқтарды* адам баласы үшін, дін үшін, тіпті қоғам үшін де қауіпті деп білді.

Содан кейін Алла тағаланың жолын айшықтайды: *«Енді біліңіздер, ей, перзенттер! Құдай тағаланың жолы деген жол Алла тағаланың өзіндегі ниһаятсыз болады. Оның ниһаятына ешкім жетпейді. Бірақ сол жолға жүруді өзіне шарт қылып кім қадам басты, ол таза мұсылман, толық адам делінеді. Дүниеде түпкі мақсатың өз пайдаң болса – өзің ниһаятлысың, ол жол құдайдың жолы емес. Ғаламнан жиылсын, маған құйылсын, отырған орныма ағып келе берсін деген ол не деген нысан? Не түрлі болса да, я дүниеңнен, я ақылыңнан, я малыңнан гадаләт, шапағат секілді біреулерге жақсылық тигізбек мақсатың болса, ол жол – құданың жолы. Ол ниһаятсыз жол, сол ниһаятсыз жолға аяғыңды берік бастың, ниһаятсыз құдаға тағырып хасил болып хас езгу құлдарынан болмақ үміт бар, өзге жолда не үміт бар?»* [1, 205 б.].

Ақынның тағы бір айтар өсиеті тек сыртқы көріністі әдемілеп, көргендер «бәрекелді» десін деген пиғыл ол адамдардың сезімдерімен ойнау деп қабылдаған. Осыған қатысты Абай Құнанбайұлы Пайғамбарымыздың (с.а.у.) мына бір хадисін ұмытпауға шақырған: «Алла сіздердің сыртқы көріністеріңізге және дүниеңізге қарамайды.

Бірақ Ол сіздердің жүректеріңіз бен жасаған істеріңізге қарайды» (Мүслім, Бирр, 33).

«Кейбіреулердің бар өнері, мақсаты киімін түзетпек, жүріс-тұрысын түзетпек болады да, мұнысын өзіне бар дәулет біледі. Бұл істерінің бәрі өзін көрсетпек, өзін-өзі базарға салып, бір ақылы көзіндегі ақымақтарға «бәрекелді» дегізбек. «Осындай болар ма едік» деп біреулер талаптанар, біреулер «осындай бола алмадық» деп күйінер, мұнан не пайда шықты? Сыртқа қасиет бітпейді, Алла тағала қарайтұғын қалыбыңа, боямасыз ықыласыңа қасиет бітеді. Бұл айнаға табынғандардың ақылы қанишалық өсер дейсің? Ақыл өссе, ол түпсіз терең жақсылық сүйемектікпен өсер» [1, 206 б.].

Абай Құнанбайұлының ішкі дүниесінде қайтсе осы қазақ деген жұрт нағыз керемет халыққа айналар екен деген сұрақ аясында болғандай ой қалдырады. Себебі, адам баласы мақсаттан ауытқығанда өзін жоғары санап өзін осы дүниеде мәңгі қалатындай сезімге душар етеді. Мұндай түсініктен арылту мақсатында ақын мәңгілік өмір сүретін тек Алла тағала ғана екенін ұқтырады. Тіпті дүниеде тек байлық пен мансапты көздеу ол – Алла тағаланың жолы еместігін ескертеді. Ал егер дүниеңді жүрекке өткізбей басқаға пайда боларлық мақсаттарды көздесең, бұл – Құдайдың жолы дейді [7, 247 б.].

Абай Құнанбайұлы қара сөздеріне ерекше мән берсек қазақ халқын өз кезегінде ғылымға шақырып, құр мақтан және дандайсудан әрі даңғазалықтан аулақ тұруды насихаттайды. Кейде бұл халықты өз баласындай көріп «ей, перзенттерім» деп сөз қолданады. Тіркес сөздің қолданысы тек қана қаратпа сөз мағынасында емес, өз балаларындай жанашырлық танытатын терең ұғымдағы тіркес ретінде келеді.

Әрине, жаратушыны тани білген даналықтың сипатын ақынның Оны шебер әрі ұлы, бол дегенін болғызатын құдірет иесі екендігін паш етеді. Алла тағала күллі әлемді жаратты да, оның ішінде саналы жаратылыс ретінде адам баласын жаратты: *Құдай тағала дүниені кәмалатты шеберлікпен жаратқан һәм адам баласын өссін-әнсін деп жаратқан.*

Дүниедегілерді адамның игілігіне ұсынып қойды. Жаратқан Алланың жаратуында мін бар ма!!! Ол мінсіз. Әлемдегі барлығының бір жүйеде өз қызметтерін жасап жатқанына қарап, адам сол баяғы қызметін ұмытып қалғанба дейсің кейде...

Адамға ата-ана, бауыр керек. Сонан соң сырлас болар алтындай дос қажет. Абай Құнанбайұлы әуелі дос тапқың келсе өзің басқаға адал дос болып баста дейді. Бұл діннің негізіндегі «өзің жасамай өзгеден

оны талап етпе» деген ережесіне дөп түседі. Достығың жарасымды болу үшін өзіңді үнемі мақтаннан аулақ ұста. Яғни өзіңді өзгеден биік көрме. Егер солай жасар болсаң, адамға біткен нұр тая бастайды [8, 134 б.]. Бұл қара сөзде былай беріледі: *«Сол өсіп-өну жолындағы адамның талап қылып ізденер қарызды ісінің алды - әуелі дос көбейтпек. Ол досын көбейтпектің табылмағы өзінің өзгелерге қолыңнан келгенінше достық мақамында болмақ. Кімге достығың болса, достық шақырады. Ең аяғы ешкімге қас сағынбастық һәм өзіне өзгешелік беремін деп, өзін тілмен я қылықпен артық көрсетпек мақсатынан аулақ болмақ»* [1, 206 б.].

Дос сөзінің айтылуы оңай болғанымен артылар жүгі ауыр. Себебі шынайы достықта міндет, мақсат, мүдде, т.т. бөлісу деген болмайды. Олай болса, онда оның түбі достыққа жатпайды. Мұнда айтылған жайттар адамгершілік аясында топтасуы қажет. Бірінің кемшілігін бірі толтыратын, кіріптарлығы жоқ, қашанда қолдаушы болуы керек. Ал қазіргі материалдық дүниені алдыңғы қатарға қойып өзара достасып жүргендер арасында дос арасына сызат түсіп жатқандар сол мүдделік аясында достықты танитын жандар болса керек-ті.

Міне ақынның достық айдарындағы айтпағы *«достық мақамын»* сақтап, өзгеге жаманшылық жасамау, адамдықтан аттамау. Мұның сипаты қара сөзде былайша келеді: *«Бұл өзін-өзі артық көрсетпек екі түрлі! Әуелгісі – әрбір жаманшылықтың жағасында тұрып адамның адамдығын бұзатын жаманшылықтан бойын жимақтық, бұл адамға нұр болады.*

Екіншісі – өзін-өзі өзгешелікпен артық көрсетпек адамдықтың нұрын, гүлін бұзады.

Үшіншісі – қастық қылмақ, қор тұтпақ, кемітпек. Олар дұшпандық шақырады» [1, 207 б.].

Көргеніміздей кез келген жақындық пен достықтың арасын бұзатын жамандық пен қиянат болса, оның бір көрінісі де мақтан: *«Һәм өзі өзгеше тұтатын демектің түбі – мақтан. Әрбір мақтан біреуден асамын деген күншілдік бітіреді де, күншілдік күншілдікті қозғайды. Бұл үш түрлі істің жоқтығы адамның көңіліне тыныштық береді. Әрбір көңіл тыныштығы көңілге талап салады»* [1, 207 б.].

Мақтану да қажет болар. Десе де, мақтана білуді мақтаншақтықпен шатастырмау керек. Бұл жөнінде Абай Құнанбайұлы өзінің жиырма бірінші қара сөзінде жақсы айтады: *«Аз ба, көп пе, адам баласы бір түрлі мақтаннан аман болмағы – қиын іс.*

Сол мақтан деген нәрсенің мен екі түрлісін байқадым: біреуінің атын үлкендік деп атаймын, біреуін мақтаншақтық деймін. Үлкендік – адам ішінен өзін-өзі бағалы есеп қылмақ. Яғни, надан атанбастығын, жеңіл атанбастығын, мақтаншақ атанбастығын, әдепсіз, арсыз, байлаусыз, пайдасыз, сұрамшақ, өсекші, өтірікші, алдамшы, кеселді - осындай жарамсыз қылықтардан сақтанып, сол мінездерді бойына қорлық біліп, өзін ондайлардан зор есептемек.

... Екінші, мақтаншақ деген біреуі «демесін» демейді, «десін» дейді. Бай десін, батыр десін, қу десін, пысық десін, әрдайым не түрлі болса да, «десін» деп азаптанып жүріп, «демесінді» ұмытып кетеді. Ұмытпақ түгіл, әуелі іс екен деп ескермейді. Мұндай мақтаншақтардың өзі үш түрлі болады. Біреуі жатқа мақтанарлық мақтанды іздейді. Ол – надан, ләкин надан да болса адам. Екіншісі өз елінің ішінде мақтанарлық мақтанды іздейді. Оның надандығы толық, адамдығы әбден толық емес. Үшіншісі өз үйіне келіп айтпаса, я ауылына ғана келіп айтпаса, өзге кісі қостамайтын мақтанды іздейді. Ол – наданның наданы, ләкин өзі адам емес. Жатқа мақталсам екен деген елім мақтаса екен дейді. Еліме мақталсам екен деген ағайыным мақтаса екен дейді» [1, 156 б.].

Ақын ескерткен тағы бір болымсыз мінез – жаманшылық пиғыл және кеміту. Кісі осындай ойда жүрсе дұшпаны көбейе түседі екен. Сол себепті адам баласын қор қылатын қылықтан аулақ болуды да еске салған: «Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Сонан қашпақ керек: әуелі – надандық, екіншісі – еріншектік, үшінші – залымдық деп білесің.

Надандық – білім-ғылымның жоқтығы, дүниеде ешбір нәрсені оларсыз біліп болмайды.

Білімсіздік хайуандық болады.

Еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік - бәрі осыдан шығады.

Залымдық – адам баласының дұшпаны. Адам баласына дұшпан болса, адамнан бөлінеді, бір жыртқыш хайуан қисабына қосылады.

Бұлардың емі, халлақына махаббат, халық ғаламға шапқат, қайратты, тұрлаулы, гадаләт ісінің алды-артын байқарлық білімі, ғылымы болсын... Ол білім, ғылымы құдаға мұқтәди болсын. Ғылым әуелі ғалами ғылымға мұқтәди болсын. Яғни құдай тағала бұл ғаламды жаратты, ерінбеді, келісімменен, хикметпенен кәмәлатты бір жолға салып жасады, сіздердің ісіңіз де бір жақсылық бина қылып, арқа сүйерлік шеберлікпенен болсын. Және Құдай тағала әрне жаратты,

бір түрлі пайдалы хикметі бар. Сенің де ісіңнен бір зарар шығып кеткендей болмай, көпке пайда боларлық бір үміті бар іс болсын. Бұларсыз іс іс емес. Балки, бұларсыз тағат тағат та емес» [1, 207 б.].

Алла тағала Құранда адам баласын жаратқан соң бұ дүниені сынақ алаңы қылдық деп бұйырады. Демек, өмір сүріп жатқан әрбір жанның жақсы мінездерін толықтыруына немесе жаман әрекеттер арқылы бұзықтыққа бейімделуі өз қолында. Мұнда Абай Құнанбайұлы адамды екі дүниеде қор қылатын ең үлкен үш мінезді атап өтеді. Бұлар: Надандық, Еріншектік және Залымдық [9, 76 б.]. Надандық бағзы өткен заманда тұтастай дәуірге айтылған «надандық дәуірі». Бұл аталған кезеңде халықтың ғылым-білімге құштарлығы жойылған болатын. Бұған қазақ даналары барынша еңбек етіп, халықтың білімге құмарлануына жағдай жасады. Мұны мақал-мәтелдерден де байқауға болады: «Оқусыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ».

Ал еріншектік деген болымсыз мінездің антонимі талап болса керек. Өйткені, талаптанбай ерінудің салдарынан даму үдерісі болмайды. Ерінген кісі ешбір істі жасағысы келмей, ғылымға да қызығушылығы сөнген болады.

Залым сөзі – араб тілінен енген сөз. Зұлымдық жасау – Алла тағаланың адамға бұйырған мейір дейтін сипатынан ада болу. Құранда «жақсылықтың қарымтасы тек жақсылық емес пе!?» деп баяндалса, зұлымдық жасағандардың қарымтасы жақсылық болмас әрине...

Зұлымдық сипатын тас жүректік, жаны ашымау деп сипаттауға да болады. Қазіргі кезде ет жақын ағайындардың арасында да осындай бір-біріне жаны ашымау, зұлымдық жасау, қастандық жасау, т.т. еріксіз орын алуда. Міне бұл да сол залым сөзінен туындаған зұлымдықтың көрінісі. Өйткені адам баласының өмірі түкке тұрғысыз болып кеткен сияқты сезіледі.

Аталған жаман қасиеттердің зардабын түсіндіре келе Абай Құнанбайұлы мұның шығар жолын да айтып өткен. Ол алдыңғы өсиеттерінде де адам бойындағы жаман мінездерден құтылу жолын қалай ұсынған болса, енді сол мінездердің кесір-кесапатын баяндап адамдықтан алыстаудың сипатын ашқан.

Бір сөзбен айтқанда, Абай Құнанбайұлы толыққанды адам болуда өзіндік формула қалыптастырған. Ол Алла, Әлем және Адам. Пенде Алла тағаланың шеңберінен алыстаса дүниеге құнығып, жаман іс-әрекеттер мен пиғылдарды көздей бастайды. Ал егер құл Алла тағаланың пендесін махаббатпен жаратқанын түйсініп, сол шеңбер

аясында дүниеде тіршілік қылар болса, әлгі надандық-еріншектік пен залымдыққа барудан ада болады деп түйеді. Араб тілінің терминімен жеткізіп отырған «Халлақына махаббат» сөзінің түпкі мәні де осы. Бұл сөзді екінші бір тіркеспен «Құдаға муқтәди – Алла тағаланың заңдарына сай» деп қуаттап, мейлі ғылым болсын, мейлі жұмыс болсын барлық уақытта ниет пен іс-әрекеттер жаратқанның бұйрығына қарсы келмеуі тиістігін баяндаған [10, 315 б.].

Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.у.) бір хадисінде «Жәннаттың кілті намазда, намаздың кілті дәретте» деп риуаят етіледі. Осы хадис ұстанымынан айрылмаған ақын, қара халықтың діни ғибадаттарына көңілі толмай намаз бен дәретке (тазалық) байланысты бірнеше маңызды жайттарды да осы қара сөзде барынша айшықтап ұсынған. Олардың алғашқысы ғибадат түсінігі. Ғибадат тек намазбен шектелмейді. Намаз кісіні түрлі жаманшылықтардан қорғап тұрар болса, сол намаздың жолы дәреттен бастау алмақ.

Міне, Абайдың көңілі толмай тұрған тұсы осы. Тазалық жайында, тіпті намаздың қабыл болуындағы ең нәзік мәселенің бірі де осы дәретті дұрыс алуға тікелей қатысты екені Құран мен пайғамбар хадистерінде жиі кездеседі. Тіптен «Тазалық – иманның жартысы» деген хадис осы сөзімізге бір дәлел бола алады. Құранда Алла тағала тазалық жайлы былай бұйырған: «Расында, Алла тағала тәубе етушілер мен тазаланушыларды ұнатады».

Осы тазалықтың жолдарын иманмен байланыстырып, оны жаратқанның бұйырған бұрығы деп ғибадатқа шақырады. Ал ол мұсылмандық сипаты, егер амалдар толық орындалса мұсылмандық кәміл болады деп білетінін келтіреді: *«Менің хауім бар, олар хас осы ғибадат екен, құданың бізге бұйырғаны, біз осыны қылсақ, мұсылмандық кәміл болады деп ойлайды. Ол ғибадат күзетшісі еді. Жә, күзетші күзеткен нәрсенің амандығын ойламай, бір ғана ояу тұрмағын қасд қылса, ол не күзет? Күзеткен нәрсесі қайда кетеді? Мақсат күзетілген нәрсенің амандығы, тазалығы емес пе?»*

Ей, ишараттан хабарсыздар, қара! Бұл ғибадаттан бір үлкені - намаз, ол намаздан әуелі таһарат алмақ, онан соң намазға шұруғ қылмақ, ол таһараттың алды истинжа еді. Мұны бір берік ойлап тұр. Аяғы екі аяққа мәсіхпенен бітуші еді, бұлар һәммасы болмаса көбі ишарат еді.

Истинжада к...іңізді жуасыз, сіздің к...іңіздің ешкімге керегі жоқ еді. Онымен сезімді тазалыққа иргендігіңді кәміл ыхласыңды көрсетіп, ішімнің сафлығының соңында халық көрер, сыртымды да

пәк етемін һәм көзге көрінбейтін ағзаларымды да пәк етемін, бұл пәктіктің үстінде Аллаға дұға айтамын деп әзірленесіз» [1, 209 б.].

Абай Құнанбайұлы дәрет алар кездегі бастаудың ішкі ағзаны жуумен басталатынын, соңында дәреттегі ниет те ішкі дүниені тазартып, айналаға да ұнамды кейіп танытуды көздеу ләзім дейді. Дұғаның қабыл болу шарты Ислам шарифатында пәк ауызбен жасалу арқылы жүзеге асады. Дәрет алғандағы ниеттің бірі осы болатынын ол өз қара сөзінде орынды ұсына білген.

Әрі қарай намаздың аты, мағынасы, ишараты мен жасалатын амалдардың мазмұнын ашады. Қараңыз:

«Енді намаздың аты – салауат, дұға мағынасында деген.

Аяқта, мойында болған мәсхлар – ол жумақ емес, өздері де жуулы деп көрсеткен ишараты.

Намаздан әуелі құлақ қақтыңыз – егер Алла тағаланы жоғарыда деп, мәкән исфат етпесең де, бегірек созу әдепсіз болып, күнә дариясына ғарық болдым, яғни дүние әуесіне ғарық қылмай қолымнан тарт, яғни құтыларлық жәрдемдерінің ишараты.

Онан соң қиямда тұрып қол бағламақ – құл қожжа алдында тұрмақ, бұқара патша алдында тұрғаннан артық Алланың қадірлігіне өзінің ғажиздығына ықрарының беріктігін көрсеткен ишараты.

Қыбылаға қарамақ – әрине, Құдай тағалаға ешбір орын мүмкін емес болса да, зиратын парыз еткен орынға жүзін қаратып, сондағы дұғадай қабылдыққа жақын болар ма екен деген ишараты.

Онан соң қира әт, яғни сураһи фатиха оқисың, мұнда бірақ сөз ұзарады. Ол фатиха сүресінің мағыналарында көп сыр бар.

Руқұғ бас ұрмақ – алдында құда хазірге ұқсас, ол да ишарат.

Сәжделер – әуелі жерден жаралғанына ықырары, екіншісі – және жерге қайтпағына ықырары, бас көтермек және тіріліп, сұрау бермегіне ықырарының ишараты.

Қағадат ул-ахир – дұғаның ақырында Аллаға тахият, одан тәшәһһуд, одан салауат, пайғамбарымыз саллаллаһу ғалайһи уәссәлләмге айтпақ үшін ең ақырғы сәлемменен тауысасыз, яғни Алла тағаладан не тілеп дұға қылдыңыз. Ол дұға қазинасы күллі мұсылмандарды ортақтастырып, оларға да сәләмәтшілік тілеп һәм рахмет тілеп бітіресіз.

Жә, бұл сөзден не гибрәтлендік?» [1, 211 б.].

Ислам фикһында намаздың 12 парызы бар. Олар сыртқы және ішкі болып екіге бөлінеді.

Сыртына жататын парыздар: 1) Хадастан (рухани) тазару;

2) Нәжістен тазару; 3) Әурет жерін жабу; 4) Құбылаға қарау; 5) Уақыт; 6) Ниет.

Ішіне жататын парыздар: 1) Ифтитах тәкбірі; 2) Қиям; 3) Қирағат; 4) Рүкүф; 5) Сәжде; 6) Қағдаи ахир.

Абай Құнанбайұлы сыртқы парыздарды толығымен жіктеп түсіндірмесе де, тазалықтың маңызды тұстарына тоқталып өтеді. Енді көзі қарақты түсінігі бар мұсылманға намаздың ішкі парыздарын баяндап, намаздағы әрбір әрекеттің түпкі хикметтерін баяндауы оның шариғи сауатының молдығы. Мұның алғашқысы ифтитах тәкбірі. Қолды құлақ тұсына көтергендегі мақсатта біріншісі намазға бастау болса, екіншісі қолдың сыртқы тарапымен дүниені арқа тұсқа тастап, тек Алла тағаламен байланысқа түсу болмақ. Ал қиямда (намазда тік тұру) қол байлап тұру – жаратушының алдында дәрменсіз екенімізді мойындаудың ишараты болып саналады.

Бұлай сәл бүкірейіп тұру қаншама дүниеде мансап берілгендердің алдында тұрғаннан әлдеқайда артық. Құбылаға бет түзеген соң қирағат парыз болмақ. Мұнда Фатиха сүресі оқылып, сонан соң қосымша бір сүре тағы оқылады.

Абай Құнанбайұлының фатихада көп сыр бар деп айтуында үлкен мән жатыр. Фатиха – ашушы, Құранның ашушы сүресі деген мағынаны білдіреді. Бұл сүренің әрбір аяты дұға ретінде қабылданады. Рүкүф болса намазда иілуге жақын амал болып табылады. Бұл құдды Алла тағаланың алдында құлдық қылып тұрғандай сезімде болуға үгіттейді.

Намаздағы сәжде екі-ақ рет жерге шеке мен мұрынды тигізуден тұрады. Ал бірақ мұның не үшін екі рет және басты жерге тигізу керек екенін көпшілік түсініп жатпайды. Мұның сырын ақын былай ашады: *«Сәжделер – әуелі жерден жаралғанына ықырары, екіншісі – және жерге қайтпағына ықырары, бас көтермек және тіріліп, сұрау бермегіне ықырарының ишараты».*

Қағдат ул-ахир – бұл намаздағы соңғы отырыс деп аталады. Онда Аллаға сәлем (тахият) және кәлима шахадат пен пайғамбарға салауат айтумен намазды аяқтайсыз. Мұнан соң екі жаққа сәлем беру арқылы ғибадатыңызды бітіріп, өзіңіз және күллі әлем мұсылмандары үшін дұға-тілек айтасыз [11, 48 б.].

Қазір бүкіл әлем қолданып жүрген қарапайым google.com бағдарламасына «әлемдегі ең керемет адам кім?» деп сұрақ мәтінін терсеңіз, бірінші орында Мұхаммед (с.а.у.) пайғамбар көрінеді. Мұнда да бір хикмет болса керек сірә...

Сол құрметті Пайғамбардың (с.а.у.) ілім мұрасын жетік меңгерген қазақтың біртуар данасы Абай Құнанбайұлы да өз деңгейінде артына құнды ілімді қалдырды деуге толық негіз бар. Өйткені қанша жылдан бері араб елдерінде діни ілімге сусындаған азаматтарымыздың өзі де біле бермейтін құнды мәліметтер Абай Құнанбайұлы қара сөзінде тізбектеліп тұр.

Әдебиеттер

1. Абай Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық жинағы. II т. – Алматы: Жазушы, 1977.
2. Құран Кәрім қазақша мағына және түсінігі. Сауд Арабиясы, –Медине: Фаһд патшаның баспасы, 1991. – 604 б. «Ибраһим» сүресі, 34.
3. Мырзахметұлы М. Абайтану: оқу құралы. – Алматы: Абай атындағы Қазақ ҰПУ баспасы, 2010. – 152 б.
4. Әуезов М. Абай Құнанбаев. – Алма-Ата: «Наука», 1967. – 391 бет. 202-б.
5. Оңдасынов Н. Парсыша-қазақша түсіндірме сөздік. – Алматы: «Қазақстан», 1974. – 384 б.
6. Мансұров Н.Б. Ишан сөзінің мағыналық сыр-сипаты. Қазақ білім академиясының баяндамалары. Тоқсандық журнал, № 4/2016ж. – 245 б.
7. Сәбден О. Абай және қазақ елінің болашағы. – Алматы: Service Press, 2016. – 362 б.
8. Омаров А.Қ. Бүгінгі Абайтану. Ғылыми-зерттеу мақалалар жинағы. – Семей: «Интеллект», 2011. – 262 б.
9. Abay Kunanbayev. Nasihatler «Kara Söзler» (çeviren: Zafer Kibar). – İstanbul. Türk Dünyası Vakfi. 2014. – 152 s.
10. Әуезов оқулары - XV: халықар. ғыл.-тәж.-к конф. матер. – Алматы, 2018. – 354 б.
11. Исаұлы М., Жолдыбайұлы Қ. Ислам ғылымхалы (Ханафи мазхабы бойынша). – Алматы: Дәуір, 2010. – 520 б.

References

1. Abai Qunanbaev. Shyǵarmalarynyń eki tomdyq jınaǵy. II tom. –Almaty: Jazyshy, 1977.
2. Quran Kárim qazaqsha maǵyna jáne túsinigi. Saýd Arabıasy, –Medıne: Fahd patshanyń baspasy, 1991. – 604 b. «Ibrahim» súresi, 34.
3. Mekemtas Myrzahmetuly. Abaitany: oqy quraly. – Almaty: Abai atyndaǵy Qazaq UPÝ baspasy, 2010. – 152 b.
4. Áyezov M. Abai Qunanbaev. – Alma-Ata: «Naýka», 1967. – 391 bet. 202-b.
5. Ońdasynov N. Parsysha-qazaqsha túsendirme sózdik. – Almaty: «Qazaqstan», 1974. – 384 bet.
6. Mansurov N.B. Ishan sóziniń maǵynalyq syr-sıpaty. Qazaq bilim akademıasynyń baıandamalary. Toqsandyq jýrnal, № 4/2016j. – 245 b.
7. Orazaly Sábden. Abai jáne qazaq eliniń bolashaǵy. – Almaty: Service Press, 2016. – 362 b.
8. Omarov A.Q. Búgingi Abaitany. Ǵylymy-zertteý maqalalar jınaǵy. – Semei: «Intellekt», 2011. – 262 b.
9. Abay Kunanbayev. Nasihatler «Kara Söзler» (çeviren: Zafer Kibar). – İstanbul. Türk Dünyası Vakfi. 2014. – 152 s.

10. Áyezov oqýlary - XV: halyq. ғыl.-táj. konf. mater-y. – Almaty, 2018. – 354 b.
11. Isaulý M., Joldybauly Q. Islam ғыlymhaly (Hanafi mázhaby boıynsha). – Almaty: Dáýir, 2010. – 520 b.

Özet

Makale Kazak şair Abai Kunanbayev'in otuz sekizinci kelimesini inceliyor ve anlamsal bir yorum getiriyor. Analiz sırasında, tam teşekküllü bir Müslüman ve tam teşekküllü bir kişi kavramı farklılaştırılır. Birden fazla anlamı birkaç kelimeyle yorumlama yöntemine dayanan bu bölüm, Yaradan'ın bilgisi aracılığıyla hakikat arayışının insan doğasının karakteristik bir özelliği olduğunu söylüyor. Ayrıca bu tür fikirlerin girişinde kullanılan kelimelerin ve cümlelerin anlamını da açıklar. Bu, şairin doğu dili hakkındaki bilgisini gösterir ve kelime dağarcığını gösterir. Bu nedenle Kazak dilindeki dinî terim örneklerinin anlamsal niteliği terbiye kelimesinde ortaya çıkar. Sonuç olarak, şairin "tam teşekküllü bir Müslüman ve tam teşekküllü bir kişi" kavramı, din bilgilerinin dinin İslam'daki yerini ve küfürdeki önemini ortaya koyma rolünden yola çıktı. Oryantal dillerin anahtar kelimelerinin içeriğine, kullanımına ve anlamsal özüne dayanarak Kazak dilinde azami düzeyde sunulmaktadır. Bu, Peygamberimizin öğretilerine hakim olan Abay Kunanbayev'in, dinî öğretilerinin zengin olduğunu ve şeriatı açıklamada yetkinliğini konuşmasında gösterebildiği anlamına gelir. Çünkü eserleri bugün hâlâ ihtiyaç duyulan değerli ve önemli bilgileri içermektedir.

Anahtar kelimeler: Abay Kunanbayoglu, kara söz, şairin zamanı, kamil müslüman, kamil insan, kelimenin anlamı.

(N.B. Mansurov, B.N. Temirkhanov. Abai Kunanbayoglu kamil müslüman, kamil insan)

Аннотация

В статье анализируется тридцать восьмое слово назидание казахского поэта Абая Кунанбаева и дается смысловая интерпретация. В ходе анализа дифференцируется понятие полноценного мусульманина и полноценного человека, выраженное в слове назидание и на основе этого рассматриваются способы познания Творца. В этой главе, основанной на методе интерпретации множественных значений в нескольких словах, говорится, что поиск истины через знание Создателя является характерной чертой человеческой природы. А также разъясняется значение слов и фраз, используемых во введении таких идей. Это показывает знание поэтом восточного языка и демонстрирует его словарный запас. По этой причине семантический характер примеров религиозных терминов в казахском языке раскрывается в слове назидание. В результате концепция поэта «полноценный мусульманин и полноценный человек» исходила из роли религиоведов в раскрытии места религии в исламе и их значения в богохульстве. Исходя из содержания, использование смысловой сущности ключевых слов восточных языков, то есть концепция оригинала, максимально представлена на казахском языке. Это обозначает, что Абай Кунанбаев, который овладел учением Пророка (да благословит его Аллах и приветствует), смог показать в своей речи, что его религиозные учения были богаты, и он был хорош в объяснении шариата. Потому что его труды содержат ценную и важную информацию, которая нужна и сегодня.

Ключевые слова: Абай Кунанбаев, слова назидания, время поэта, полноценный мусульманин, полноценный человек, значение слова.

(Н.Б. Мансуров, Б.Н. Темірханов. Абай Құнанбаев – полноценный мусульманин-полноценный человек)

Қ. Ералин

п.ғ.д., профессор, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан (kuandyk.yeralin@ayu.edu.kz)
ORCID: 0000-0002-1669-0101

Қазақстан бейнелеу өнеріндегі Абай образы

Андатпа

Мақалада бейнелеу өнеріндегі «образ», «көркем образ», «портрет», «көркемдік өлшем» түсініктеріне анықтама беріледі. Ұлы даланың даңқты ақыны Абай Құнанбаевтың образын жасауға қатысқан графика, кескіндеме, мүсін, қолөнер шеберлерінің көркемдік еңбектеріне шолу жасалады. Ақынның көркем образдарының өлшемдері – идея, композиция, колорит, орындау шеберлігі нақтыланады. Суретші-график Әбілхан Қастеев, Евгений Сидоркин, суретші кескіндемеші Нағимбек Нұрмухаммедов, мүсінші Хақимжан Наурызбаев шығармашылықтарындағы көркемдік өлшем әдістері анықталады. Ақынның көркем образының көркемдік өлшемдерін оқып білудің әдістемесі, бағдарлама мазмұны, құрылымдық моделі сипатталады. Бейнелеу өнеріндегі Абай образын оқып білудің тәжірибелік зерттеу нәтижелері талданып, жас ұрпаққа Ұлы Абай образы арқылы көркемдік білім мен эстетикалық тәрбие беру нұсқаулары ұсынылады.

Кілт сөздер: образ, көркем образ, көркем өлшем, идеялық мазмұн, композициялық шешім, картина колориті, суретші шеберлігі.

К. Eralin

doctor of pedagogical sciences, professor, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Kazakhstan, Turkestan (kuandyk.yeralin@ayu.edu.kz)
ORCID: 0000-0002-1669-0101

Artistic Dimension of the Image of Abay in the Visual Arts

Abstract

The article defines the concept of "image", "artistic image", "portrait", "artistic dimension" in visual art. It indicates the artistic activity of masters of graphics, painting, sculpture, applied art to create an artistic image of the great poet of the Kazakh people. The author concretizes the units of artistic measurement of the image of the poet of the great steppe in the visual arts in the dimension: idea, composition, color, and technique of execution. The methods of artistic measurement in the works of graphic artist Abilkhan Kasteev, Yevgeny Sidorkin, painter Nagimbek Nurmukhammedov, and sculpture of Khakimzhan Nauryzbayev are determined. The model, program and method of artistic measurement of the poet's image are characterized. The results of an experimental study on the study of the image of Abay in visual art are analyzed. It offers methodological recommendations for studying the artistic image of the great poet Abay as a means of artistic education and aesthetic education of the younger generation.

Keywords: image, artistic image, artistic dimension, ideological content, compositional solution, color of the picture, skill of the artist.

Еліміздегі «Мәдени мұра», «Рухани жаңғыру» атты бағдарламаларымен қатар, мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласы мәдениет, тәрбие мен білім беру саласындағы көкейкесті мәселелерді шешу жолдарын көрсететін құжаттар ретінде қабылданады [1, 1 б.].

Ұлы дала бейнелеу өнері тарихында Абай бейнесін зерттеу проблемасы бұрыннан көңіл аударып келеді. Бірақ ақын Абайдың бейнелеу өнеріндегі образы өз алдына жеке дара өнертанымдық зерттеу нысаны болған емес. Зерттеушілердің еңбектерінде Ұлы Абай образы Қазақстан бейнелеу өнерінің даму тарихымен байланысты қарастырылады. Абай бейнесі суретшілердің негізгі тақырыптарының қатарынан орын алады [2, 45 б.].

Абай образын ашуда суретшілер портрет, пейзаж және тұрмыстық жанр мүмкіндіктерін молынан қолданған. Бейнелеу өнерінде Абай образын жасауға негіз болған дерек көздері ақынның екі фотосуреті. Біріншісі – 1896 жылы Семейде фотограф Н.Г. Кузнецов түсірген Абайдың ұлдары Ақылбай және Төреғұлмен түскен көлемі 13x9 см фотосуреті [3, 5 б.]. Суретті М. Әуезов 1941 ж. 6 ақпанда Семейдегі Абай мұражайына тапсырған. Екіншісі – 1903 ж. 1 қаңтарда Жидебайдағы үйінің ішінде түскен фотосурет, көлемі 23x13 см. Бұл фотосурет Алматыдағы М. Әуезов мұражайында сақталған.



Абайдың 1903 жылғы түскен фотосуреті.

Көптеген суретшілер бейнелеу өнеріндегі Абай шығармалары станоктық қондырғылық және монументалдық тұрғыда көрінуімен ерекше көркемдік өлшем үлгісін көрсетеді. Қазақстан суретшілері Абай образын жасауда бейнелеудің графика, кескіндеме, мүсін, қолданбалы өнер, дизайн салаларын қамтыған. Егер бейнелеу өнеріндегі Абай образын зерттеуге оның шығармаларының көркемдік өлшем бірліктерін анықтау проблемасын қосатын болсақ біздің зерттеудің көкейкестілігі онан да арта түседі. Себебі бейнелеу өнеріндегі Абай образын зерттеу үшін оның нақты көркемдік деңгейлерін өлшеу қажет. Қандай мониторинг жасасақ та бізге ең алдымен өлшемдер деңгейін анықтау мақсаты бірінші кезекте тұрады [4, 23 б.].



Абайдың 1896 жылы түскен фотосуреті.

Ұлы дала бейнелеу өнері өнертануында Абайдың көркемдік бейнесін зерттеу мәселесіне Қазақстанның көрнекті өнертанушылары Г. Сарықұлова, С. Барманқұлова, К. Ли үлес қосқан. Зерттеушілердің еңбегінде Абай образына сипаттама жасалғанымен бейнелеу өнеріндегі образы тұтастай өз алдына жеке дара зерттеу нысаны болған емес. Солармен қатар соңғы кезде Абай образын зерттеуде мұражай қызметкері Ү. Ибраева, Қарағанды университетінің профессорлары Н. Өтепбаев және Л.Р. Золотаревалар бірқатар зерттеу нәтижелерін ұсынды [8, 17 б.].

Қазақстан бейнелеу өнерінің даму тарихында Ұлы Абай образы суретшілердің негізгі шығармашылық тақырыптарының қатарынан орын алған. Абай образын жасауға бейнелеудің графика, кескіндеме, мүсін, қолданбалы өнер, дизайн салаларында шығармашылық еңбек ететін суретшілер, кескіндемешілер, мүсіншілер және қолөнер шеберлері қатысқан. Абай образын ашуда суретшілер портрет және тұрмыстық жанр мүмкіндіктерін көбірек қолданған. Абай шығармалары станоктық қондырғылық және монументалдық шығармалар жиынтығынан құрамдалады. Абай бейнесі бейнелеу өнерінің графика, кескіндеме, мүсін, қолөнер түрлерін қамтиды.

Абай образын зерттеуде негізгі көркемдік мәселенің бірі – Абай портреті. Абайдың алғашқы портреті көзі тірісінде салынған, композициясы фотосына қарап құрамдалған, көз көргендердің сипаттамаларына қарап сарапталған және «Абай жолы» романындағы М. Әуезовтың сипаттауымен салынған портреттер болып жүйеленген. Абайдың алғашқы портретін көзі тірісінде салған адам саяси сенімсіздігіне байланысты Дондағы Ростовтан қазақ жеріне жер аударылып келген әуесқой суретші П.Д. Лобановский. Суретші 1884 жылдан бастап Семейде тұрған. Осы кезде ол Абай портретін қалың қағаз бетіне қаламмен салған [3, 5 б.].

Қазақстанның кәсіби суретшілерінің ішінде Абай портретін алғаш салған Николай Иванович Крутильников. 1926–27 жылдары «Абай өлең жазу үстінде» деп аталатын портретін кенепке майлы бояумен салған. Н.И. Крутильниковтен соң Абай портретін салу дәстүрі 1930–40 жылдары жалғаса бастады. Абай суреттері түрлі материалдар бетіне де көлемді етіп орындала бастады [7, 15 б.].

Мұнан соңғы танымал туындылар – Абайдың графикалық портреттері. Ақын Абайдың портреттерін кеңес дәуірінде алғашқы салған суретшілер қатарында С. Қожықов, А. Исмайлов, Ә. Қастеев, А. Ғалымбаеваларды атауға болды. Абай образын жасауға көп еңбек сіңірген Әбілхан Қастеев 1945 жылы қолына кітап ұстаған Абай портретін бейнеледі. Суретші ақынның рухани даралығын адамдармен, қоршаған орта және пейзаждармен қоса байланыстырып суреттеді. Солардың ішіндегі киіз үй жанында, Абай туған ауылында, кең далада Пушкиннің кітабын ұстап тұрған қалпында бейнеленген картинасы реалистік тұрғыда қылқаламмен жазылған картиналар.

Абай бейнесін салған Қазақстан суретшілерінің арасында Айша Ғалымбаеваның орны бөлек. А.Ғалымбаеваның Бүкілодақтық мемлекеттік кинематография институтын бітіру кезінде жасаған

